



11 қараша 2015 ж.

сәрсенбі

№129 (18338)

● БАСПАСӨЗ – 2016


"Қостанай таңы" — сенің газетің

оған 2016 жылға
жазылу
жүріп жатыр



Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады. Сейсенбі, сәрсенбі күндері 12 беттен, жұмада екі рет 16 бет, екі рет "Ақшам" қосымшасымен 24 бет болып шығады. Сәрсенбі, жұма күндері басылым түрлі-түсті болып басылады.

"Қостанай таңы" газетіне "Қазпошта" бөлімшелерінде және аймақтық "Костанайские новости" газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыз.



Ауыл шаруашылығы өндірушілерінің, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері және кәсіподақ ұйымдары басшыларының назарына!



«Сосновый бор» шипажайы

2016 жылдың 28 ақпанына дейін жыл сайынғы «Алтын масақ» акциясын өткізеді - 80 000 теңгеден он күндік жолдамалар.

15 санаторлық-курорттық жолдаманы сатып алған кәсіпорындарға

БОНУС ретінде (төлемсіз) жартылай люкс нөмірінде тұрумен екі

он күндік жолдама, 10 жолдама алғандарға -

стандарт нөмірінде тұрумен екі

он күндік жолдама ұсынылады.

Анықтама: 8-714-45-49-010, 3-33-10, факс: 3-33-07
e-mail: sosnov-bor@mail.ru



профилаторий

Джайлау

Номера класса «Люкс»

НОЯБРЬ

ЛЕЧЕНИЕ:

- нервной системы

- бронхо-легочной системы

- сердечно-сосудистой системы

- опорно-двигательного аппарата

- желудочно-кишечного тракта

Путевка ПЕНСИОНЕРАМ - 6700 тг

www.jailau.kz

Тел.: 522 101, 56 24 71.



КАЗАКТЕЛЕКОМ

АКЦИЯ!!!

31 желтоқсанға дейін Megaline*, iD TV

қызметтерін қосып,

Wi-Fi қызметімен ADSL-модемді **

ТЕГІН ал!

✓ тегін қосылу;

✓ телекоммуникация барлық қызметтері

үшін бірыңғай есепшотпен post-paid

әдісі бойынша төлем жасау;

✓ сапалы сервистік қызмет көрсету!

Толығырақ 160 телефоны бойынша.

* Start тарифтік жоспарынан басқа

** модем саны шектеулі



100
80
60
40
100
80
60
40
100
80
60
40
Синий
Красный
Желтый
Черный

Жан-жақты талқыланды

Гүлназым САҒИТОВА

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің қызметкерлері Алтынсарин ауданында болып, жергілікті бюджет саласының қызметкерлерімен мемқызметшілермен және ауыл тұрғындарымен кездесті. Кездесу аясында Тәртіптік кеңес секретариатының меңгерушісі Асхат Іскендіров Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы, Елбасы ұсынған бес институционалдық реформаны іске асыру және "100 нақты қадамды" өмірге табысты енгізу туралы, сол секілді мемлекеттік қызметшілерге арналған жаңа заң, соның ішінде мемлекеттік қызметтің мансаптық моделі, қызметшілерге еңбек ақы төлеу енді жаңа заңға сәйкес факторлық-ұпайлық шкала бойынша төленетіндігін, тәлімгерлік институты енгізілетіндігі жөнінде жан-жақты айтып өтті. Сонымен бірге кездесуге қатысушылар мемлекеттік қызмет көрсетудің үлгілері, тәртіптік жаза қолдануда түсіндіру хаттарының сақтау мерзімі, мемқызметкерлер қызметін бағалау әдістемесі жайында сұрақтарын қойды. Жиын соңында азаматтарды қабылдау болды, онда мемлекеттік қызметкер болу үшін еңбек өтілі неше жыл болу керек, әкімдердің сайлануы, мемқызметшілердің еңбек ақысын көтеру секілді мәселелер сөз болды.

Көшу жұмыстары емделушілерге кедергі келтірмейді

Қарлығаш ОСПАНОВА

Қаламыздағы №1 емханаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетіндіктен, аталған емдеу мекемесі қазан айының аяғына дейін уақытша облыстық аурухана ғимаратына көшірілетіндігі туралы жыл басында хабардар етілген еді. Бірақ, көшу жұмыстары кешеуілдеп жатқандықтан облыс әкімі А.Мұхамбетов сала басшыларына бұл жұмыстарды 25 қарашаға дейін аяқтауды қадап тапсырған болатын. Емхананың бас дәрігері О.Игимбаеваның айтуынша, емхананы көшіру жұмыстары ұзаққа созылмайды әрі емдеу мекемесінің басқа орынға көшірілуінен жұмыс тәртібі де емделушілерге еш әсер етпейді. Сондай-ақ, емханаға телефон не ғаламтор арқылы жазылу да, барлық телефон нөмірлері де сол қалпында қалады. Сонымен қатар, ескі ғимаратта кезекші адам болады, ол емделушілерге жаңа мекенжай туралы бағыт-бағдар сілтейтін болады.

Гүл шоқтарын қойды

Айбек ЖҮЗБАЙ

7 қараша күні Коммунистік партия мүшелері Жеңіс паркіндегі Ленин ескерткішінің алдына жиналды. Еліміздің көк туы мен алқызыл жауларды алаңға қатар алып шыққан белсенді топ Ұлы Қазан революциясының мерекесін атап өту үшін бас қосты. Бұл туралы партия филиалының өкілі Петр Коржиков баяндап өтті. – Біз ел Үкіметі көтерген түйткілді мәселелерді әр мәжілісімізде талқылап, партия тарапынан мемлекетке қолдау білдіруді көздеп келеміз. Өткенімізді қадірлеу, қазіргі қалыптасқан реформаларға бірлесе қадам басу, – деді П.Коржиков.

Бұдан соң партияның белсенді мүшелері марапатталды. Ленин ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Кеңес кезін еске алып, сол уақыттың әндерін қосыла шырқады.

Күн тәртібінде – тілсіз жаудың алдын алу шаралары

Жандос ЖҮСІПБЕК

"Қостанай" халықаралық әуежайы" АҚ-ның кеңесу залында облыстық ТЖД қызметкерлері мен мекеме директоры орынбасары, әуежайдың мемлекеттік емес өрт сөндіру қызметі мамандары қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Жиын барысында нысанның өртке қарсы ахуалы талқыланды. Өрт қауіпсіздігіне немқұрайлы қарағандарға әкімшілік, қылмыстық жауапкершіліктің күшейетіні жайлы ақпарат берілді. Сондай-ақ дөңгелек үстел аясында әуежайдың мемлекеттік емес өрт сөндіру қызметінің қажетті құрал-сайман, құрылғылармен қамтылуы турасындағы мәселелер сөз етілді. Тілсіз жау шыға қалған жағдайда мұндағы қызметкерлердің әрекет ету алгоритмі, мемлекеттік өртке қарсы қызметке дер шағында хабардың берілуі керектігі тәптіштелді. Үлгі-үгіт ретінде 100 ескертпе плакаттар таратылды.

● ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ

"Жас барыста" жеті медаль алды

Айбек КӘДІРҰЛЫ

Жуырда қазақ күресінен Орал қаласында 14-19 жас аралығындағы жас бозкілем шеберлерінің арасында "Жас барыс" республикалық турнирі аяқталды. Оған еліміздің барлық өңірінен 260-тан астам палуан қатысты.

Осы жарыста қостанайлық шеберлер жеті медаль еншіледі. Қазақ күресінің облыс құрамасының аға бапкері Жұмахан Қасымхановтың шәкірттері өз салмақтарында сынға түскендер арасында айқын басымдылық танытты. Мәселен, 46 келіде сынға түскен Айбек Бақыт турнирдің чемпионы атанса, 90 келі салмақта бозкілемге шыққан Алмас Жұмағали "күміс" медальді жеңіп алды. Ал Нұрсұлтан Болат (60 кг), Ерқанат Рыздық (82 кг), Қайнар Ибраев (100 кг), Жасұлан Бекболат (57 кг) және Асылхан Сағитбек (81 кг) сынды бес бірдей палуан турнирдің "қола" жүлдесін еншіледі.

– Турнир тартысқа толы болды. Өйткені, кілемге шыққан жас палуандардың ішінде бір осалы жоқ. Бәрі де мықты. Бұл елімізде қазақ күресінің мықты дамып келе жатқанын көрсетеді, – дейді



бапкер Жұмахан Қасымханов.

Айта кету керек, турнирдің өтуіне ҚР мәдениет және спорт министрлігі, спорттық жекпе-жек конфедерациясы, Қазақ күресінің федерациясы, "Қазақстан Барысы" қазақ күресінің даму қоры мұрындық болды.

СУРЕТТЕ: "Жас барыс" жүлдегерлері.

Жүлдегер қаламгерлермен жүздесу



Жандос ЖҮСІПБЕК

Республикалық "Алтын көпір" аудармашылар байқауы таяуда мәресіне жеткен болатын. Байқау Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасындағы әдеби-мәдени байланыстарды нығайтуды, тілдік мәдениетті дамыту, таратуды, қазақ әдебиетін насихаттауды көздейді. "Алтын көпірде" қостанайлық авторлар да жүлдегерлер қатарынан көрінді. "Поэзия. Қазақ тілінен орыс тіліне аудару" аталымы бойынша ақын Ақылбек Шаяхметтің "Ақсулу" драмалық поэмасын аударған Әбдірахман Досов бірінші орынға ие болды. Ал, "Поэзия. Орыс тілінен қазақ тіліне аудару"



аталымы бойынша Арсений Тарковскийдің өлеңдерін тәржімалаған Ақылбек Шаяхмет екінші жүлдені жеңіп алды.

Өткен аптада қос жүлдегердің құрметіне Л.Толстой атындағы облыстық кітапхананың қонақжай залында "Қос жеңімпаз қаламгер" атты кездесу ұйым-

дастырылды. Оларды құттықтауға қостанайлық ақын-жазушылар, ЖОО студенттері, жергілікті БАҚ өкілдері келді. Қос жазушыға қаламдастары жылы лебіздерін жолдады. Кітапхана директоры Д.Дүйсебаева да өз құттықтауын айтып, ақындарға жергілікті ақын-жазушылардың туындылары топтастырылған "Тобыл толқындары" әдеби альмана-

хының соңғы шығарылымын сыйға тартты. Авторлар да байқау қорытындысы бойынша жарық көрген "Алтын көпір" аудармалар кітабының 2 томын, мұқабасына қолтаңбаларын қалдырып, кітапхана қорына табыс етті.

Әлеуметтік желідегі заңға қайшы топ

Шыға ҚОҢҚАБАЙ

"ВКонтакте" әлеуметтік желісіндегі танымал "PornoMania" тобы қостанайлық прокурорлардың күдігін туғызды. Бұл туралы облыстық прокуратурада өткен брифингте облыс прокурорының аға көмекшісі Ринат Кәрімов хабарлады.

Топтағы жазбалардың мазмұнын зерделей келе прокурорлар ол топты жабу туралы ұсыныс қабылдады.

"Топтың атауы және ондағы жарияланымдар порнографияны насихаттауға, оның ішінде балалар арасында таратуға бағытталғаны айдан анық. Топқа 494 жасөспірім тіркелген", – дейді облыс прокурорының аға көмекшісі Ринат Кәрімов.

Прокуратура өкілінің айтуынша, топқа барлығы 38 258 адам тіркелген, олардың ішінде мың жа-

рымнан астамы – қазақстандықтар, ал, 127-і – бала. Әлеуметтік желідегі топта жыныстық қатынас сахналанған порнографиялық бейнероликтер орналастырылған.

Прокурорлар әлеуметтік желідегі аталған топты көмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың алдын алу шаралары кезінде әшкерелеген. Қазір басқа да осындай заңға қайшы интернет-қауымдастықтарды анықтау жұмыстары жүргізіліп жатқан көрінеді. Сонымен қатар, Бас прокуратураға интернет-ресурстардың меншік иелері және әкімшілерімен заңға қайшы контенттерді жою бойынша жұмыс жүргізу туралы ұсыныс жасалған.

Жалпы, 29 қазан мен 5 қараша аралығында 1 миллионнан астам қолданушысы бар осындай барлығы 26 интернет-топ анықталған. Олардың ішінде 32 мың қолданушы қазақстандықтар екен.

● БҮГІНГІ КҮННІҢ БҮЛКІЛІ

ҰТТЫҚ ПА, ҰТЫЛДЫҚ ПА?

Жұматай
КӘКІМЖАНОВ

Құдайы көршіміздің кейбір саясаттанушылары қазақ елін арамтамаққа төңеп отыр. Ресей Федерациясының қауіпсіздік кеңесінің мүшесі, "Экономиканың жоғарғы мектебі" Ұлттық зерттеу институтының лауазымды тұлғалары, Кедендік одақ құрамындағы Беларусь мен Қазақстанды ресейліктердің арқасында күнелтуде деген ақпарат танытты. Бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбатында білім ордасының өкілі Андрей Сузальцев есімді саясаттанушы үштіктің басын біріктірген одақтың жағымды және жағымсыз жақтарын өзінше талдап берген еді. Сәуегейдің сандырағына сүйенсек, үш елдің арасындағы шекаралық шектеу жойылғалы, Ресейдің екі жағындағы елдер бұған дейін контрабандалық жолмен тасыған тауарларын өздеріне еркін енгізіп жатыр. Осылайша, орыс халқын өз тауарынан айырып, қазақ пен беларустықтарды байытуда.

Алпауыт елдердің экономикалық шектеуіне тап болған Ресейдің жауап есебінде, батыстан тасылатын азық-түлік пен тауарлардың шекара сызығын басып өтуіне тыйым салғаны белгілі. Беларусықтар мұны да жақсы пайдаланып жатырмыс. Лукашенканың бастамасымен бірнеше фирмалар құрылып, қара тізімге іліккен тауарлардың қаптамасын ауыстырып, Ресейге жіберумен шұғылданады. Осыдан қыруар қаржы тауып жатқан көрінеді.

Қазақстандықтарға да дәл осындай айып тағылуда. Бұл жақтан да, Қытайдың арзан әрі сапасыз өнімдері ресейлік кәсіпкерлердің қолын шырмал тастапты. "Ал, өздері (Қазақстан) Ресейдің сапалы тауарын Қытайға өткізіп, пайда тауып отыр" – дейді ол. Енді бір сөзінде "өздерінің сапасыз тауарын Ресейге өткізіп, сырттан тасылатын тауарға түрлі себептермен шектеу қойып жатыр" – деген айып тағады.

Осы тектес уәж келтірген ресейлік саясаткер бір де бір нақты себепті, дәйекті келтірмеген. Барлығы да сырттай долбарланып, тон пішумен шектелген. Мәселенің ақ-қарасын анықтау мақсатында, еліміздің статистикалық мәліметтеріне жүгінілді. Соңғы сегіз айдың көрсеткішіне сүйенсек, тауар айналымы мен сауда-саттық жағынан Кедендік одақтың пайдасын көрші елдің көріп отырғаны анық аңғарылады.

Батыс елдерінің қаржылық қыспағында қалған Ресейдің ішкі нарығы мен екі көршісінен өзге тұтынушысы қалмады. Беларуссияны айтпағанның өзінде, тек Қазақстанға ғана 8 айдың көлемінде 7 млрд. 14 млн. АҚШ долларының тауар қызметі ұсынылған. Ал, біздің жақтан көрсетілген қызмет пен ұсынылған тауардың құны – 3 млрд. 62,3 млн. доллар шамасында. Осыдан қарап-ақ, көршіміздің қазақтардан пайда тауып жатқанын аңғару қиын емес.

Әрине, жұмыр жерді жайлаған қаржы дағдары-



сының салдарынан екіжақты қарым-қатынастың төмендегені жасырын емес. 2015 жылы қазақстандық экспорт 28,8 пайызға, импорт көлемі 20,5 пайызға кеміді. Осыған қарамастан, Челябин облысының қазақ елімен қарым-қатынасы жылына 2 млрд. АҚШ долларына жеткен. Тауарының басым бөлігін Тобыл өңіріне жіберіп жатқан ресейліктер көрсеткішті 1,5 есеге дейін ұлғайтуды жоспарлапты. Олардың пайымдауынша, мұндай байланыс рубльдің құнын айтарлықтай көтеругі тиіс.

Онсыз да екі ел арасындағы шекара ашылғалы облысымыздағы ғылыми зерттеу орталықтарынан шығарылатын жоғары сұрыпты, климаттық қысымға төзімді, дегдарлы дөңді-дақыл көршімізге тиімді бағамен жөнелтілуде. Өз кезегінде, қазақстандықтар Ресейде өсірілетін асыл тұқымды қара малға қызығушылық танытқан. Сондай-ақ, Челябин облысындағы көкөніс өсіруге арналған жабық кешендердің өнімдері де қостанайлықтардың көңілінен шығып жатыр. Осыны ескерген челябілік "Чурилово" компаниясы "Тобыл" ӘКК инвестициялық келісім-шарт жасаған еді. Нәтижесінде, ресейлік компания қазақстандықтарды өз өнімімен осы арадан-ақ қамтамасыз ететін болады. Бұдан өзге, челябіліктер май өндіру зауытын тұрғызуды ойластыруда. Өндіріс ошағына жыл сайын қажетті 300 мың тонна шикізатты Қостанай облысынан алдырту жоспарланған. Өндірілген өнімнің өзімізге қайтарылатынын ескерсек, пайданың көршілерімізге бұйыраы сөзсіз.

Өңірдің экономикалық өсімін қамтамасыз ету үшін отандық тауар мен қызметке көңіл бөлу қажет. Бұл бағыт Үкімет, жергілікті биліктің назарынан тыс қалған жоқ. Кәсіпкерлікті қолдаудан Қостанай облысы да кенде емес. Бизнес өкілдеріне тауарының сапасын жақсартып, қызметін күшейтуден өзге тірлік қалмады. Сонда ғана қарапайым тұтынушы көршіміздің арзан тауарына көз алартпай, арзан өнімді өзімізден-ақ алар еді. Ұтылғанымыздан, ұтарымыз да көп болар еді...

Жастар саясатын жандандырмақ керек

Биыл Қостанай облысында жастар саясатын дамытуға 137 млн. 409 мың теңге бөлінген. Бұл өткен жылдағыдан 20 млн. теңгеге артық.

Бөлінген қаржының 75 млн. 458 мың теңгесі – облыстық қазынадан, 61 млн. 951 мыңы – қалалар мен аудандар бюджетінен. – Егер өткен жылы жастар саясатын қаржыландыру сомасы 115 млн. 968 мың теңгені құраған болса, биыл айтарлықтай ұлғайып отыр. Оның ішінде, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру бойынша 39 млн. 673 мың теңге бөлінген-ді. Об-

лыстың жыл сайынғы "Қазақстан жастары – 2014" ұлттық баяндамасы бойынша, 16 аймақ ішінен 13-ші орынға табан тіреген болатын, – дейді жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың жетекшісі К.Әлімжанов.

Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының мәліметінше, облыс көлемінде жастар саясатын қаржыландыру жөнінен кенжелеп келе жатқан өңірлер қатарында Аманкелді (330 мың теңге), Әулиеөл (400 мың теңге) және Жітіқара (638 мың теңге) аудандары тұр. Ал, керісінше, көш бастап тұрғандар тізімінен Таран (6 млн. 96 мың теңге), Қарасу (6 млн. 228 мың теңге) және Қостанай (5 млн. 188 мың теңге) аудандары көрінді.

Биылғы қаржыландыру ауқымының ұлғаюына жастар бастамалар орталықтарының меншікті коммуналдық мемлекеттік мекеме формасында ашылуы ықпал еткені айтылып отыр. Облыста қазіргі таңда 19 жастар бастамалар орталығы жұмыс істейді. Солардың 11-і – КММ түрінде.

Ішкі саясат басқармасының айтуынша, бүгіндері Жітіқара ауданында жастар бастамалар орталығын ашу мәселелері қарастырылып жатыр. Мақсат белгілі: шеткері елді мекендерде тұратын әрбір жасқа үн жеткізе алу, ортаға қосу. Оның орындалуына облыстың әр аудан-қалаларында құрылатын ресурстық орталықтар дәнекер бола алмақ.

Ж.БАЛҒЫНБЕКҰЛЫ.

Тобыл Торғай Тынысы

220 мың га жер телімі қозғаусыз жатыр

Облыста. Тобыл өңірінде 220 мың гектардан астам ауыл шаруашылығы жері өз мақсатына пайдаланылмайды. Облыста арамшөп басып, пайдаланылмай отырған учаскелер – 220 мың гектардан асады. Соның ішінде жайылым үшін ұзақ мерзімге жалға берілген 137 мың гектар және дөңді дақылдар өсіруге арналған 85 мың гектар жерлер бар. Бұл фактіні Қостанай облысы бойынша жерді қорғау және пайдаланылуына бақылау жасау жөніндегі басқарма анықтаған. Жітіқара, Қамысты және Ұзынкөл аудандарында пайдаланылмай жатқан бос жерлер көп.

"Тіл шебері"

Жітіқара. Тілдерді оқыту орталығы үш тұғырлы тіл саясатын негізге ала отырып, тілдерді жетік меңгерген жастар арасындағы аудандық "Тіл шебері" байқауын өткізді. Шараға 8 үміткер қатысты. Байқау 4 кезеңнен тұрды. Қазылар алқасы қатысушылардың өнерін бағалау кезінде: оқу шеберлігіне, тіл тазалығына баса назар аударды. Байқау қорытындысы бойынша І орынға Е. Сапанцева, II орынға А.Аверьянова, III орынға А. Жақсыбаева ие болды. Қатысушылар грамоталармен, алғыс хаттармен және ақшалай сыйақымен марапатталды.

Ел тарихына бойлап...

Ұзынкөл. Қазақ хандығының 550-жылдығына орай, "Ұзынкөл жастары" қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен, 5-9 сынып оқушылары арасында "Менің Отаным – Қазақстан" атты шығармалар сайысы өтті. Қатысушылар өздерінің шығармаларында еліміздің тарихының әр кезеңдеріне үніліп, тәуелсіз мемлекетіміздің бүгінгі күнгі тыныс-тіршілігі, жетістігі мен әлем аренасындағы орнына тоқталып, өз Отанына деген сүйіспеншіліктері жайында жазды.

Шаңғы базасы ашылады

Меңдіқара. 1 желтоқсанда Меңдіқара ауданында спорт алаңы ашылады. Бұл туралы Меңдіқара ауданының әкімі Виктор Ионенко баспасөз мәслихатында айтты. Шаңғы базасы екі шаруа қожалығының қаржысымен салынады. "Қазіргі уақытта екі ағаш дінгек қағылды, шағын үйшіктер салынады. Жалға шаңғы алып, ыстық шай ішіп, табиғат аясында демалуға болады" – деді аудан әкімі.

Биыл 6 балықшы суға кеткен

Облыста. Құтқарушылардың айтуынша, өткен жылмен салыстырғанда биыл су қоймаларында адамдардың суға батуы болып кеткен. Мәселен, былтыр өңірде үш балықшы суға кетсе, биыл алты адам тілсіз жаудың құрбаны болған. Төтенше жағдай мамандары көбіне адамдардың ескертулерге құлақ аспай, өз өмірлерін қатерге тігетіндігін айтады. Сондықтан, мамандар мұндай қайғылы жағдайларға жол бермес үшін түсіндіру жұмыстарын әлі де жалғастыра бермек.

Қанжығада – қола жүлде

Қостанай ауд. Аудан мақтанышына айналған спортшы Глеб Ресенчук бокстан облыс чемпионатында қола жүлдеге ие болды. 44 келі салмақта шаршы алаңға шыққан боксшы қарсыластарының мықты болғанын айтады. Аталмыш сайысқа 2000-2001 жылы туған жасөспірімдер қатысты. Өңіріміздің аудан, қалаларынан барлығы 95 спортшының күш сынасқанын айта кетейік.

"Ән мен әзіл"

Аманкелді. Аудандық Қ.Әбенев атындағы Мәдениет үйінде "Ән мен әзіл" атты концерттік бағдарлама өтті. Бағдарламада М.Қапышев атындағы театрдың өнерпаздары әзілдерін көрсетіп, ән айтты, би биледі. Сонымен қатар Б.Қолдасбаев орта мектебінің жайдарманшы жігіттері әдемі әзілдерін ұсынып, халықтың қошеметіне бөленді.

● САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН

Жаңа жүйенің мақсаты – кәсіпкерлікке жол ашу

Қарлығаш
ОСПАНОВА

Өткен жылы Қазақстан Республикасының №269-в заңына сәйкес "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің 62-бабына өзгертулер енгізілген болатын. Осы өзгертулерге байланысты жоғарыда аталған Кодекстің 62-бабының 1-тармағы "Санитарлық-эпидемиологиялық аудит" деп аталады. Осыған орай, еліміздің әр өңірінде санитарлық-эпидемиологиялық аудит мамандары пайда болды. Бұл не қылған мамандық, жаңа жүйенің пайдасы неде? Бұл туралы біз Тұтынушылар құқығын қорғау комитеті Ұлттық сараптама орталығының Қостанайдағы филиалының маманы Ғалым Естекбаевпен тілдескен едік.

– Ғалым Айсabayұлы, ең алдымен жаңа жүйе туралы, яғни санитарлық-эпидемиологиялық аудит туралы түсіндіріп берсеңіз...

– Елімізде кәсіпкерлікті дамыту бағытында жасалып жатқан мемлекеттік қолдау ауқымды. Бұрын азық-түлік өнімдерін өндіретін кәсіпорындар мен қоғамдық тамақтану нысандары тексерулерге көп ұшырайтын, ал бұл өз кезегінде кәсіпкерлерге бизнестерін дамытуға, одан әрі қарай жетілдіруге көп қиындық тудыратын. Кейін Елбасының Жарлығымен мұндай тексерулерге мораторий жарияланып, орта және шағын бизнесті өркендетуге жол ашылды. Бірақ, кәсіпкерлік саладағы әкімшілік кедергілер азайғанмен, бизнес тарапынан халыққа таза қызмет жасалмай отырған жайттар да тіркелуде. Әсіресе, астан улану, шығарған тауарлардың сапасының төмендігі тұтынушылар арасында наразылық тудыруда. Ал, мұндай жағдайлардың соңы айыппұл салумен немесе кәсіпкерліктің жабылып тынуымен аяқталып жатады. Міне, осындай келеңсіздіктердің алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің 62-бабының 1-тармағына сәйкес Ұлттық экономика министрлігінің үстіміздегі жылдың 17 наурызында №216 бұйрығы жарияланған болатын. Осы бұйрықта санитарлық-эпидемиологиялық аудитті жүргізу ережелері бекітілді. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылар құқықтарын қорғау комитетінің "Санитарлық-эпидемиологиялық аудитті ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша республикалық семинар өткізу туралы" №250 бұйрығына сәйкес үстіміздегі жылдың 15-16 қазанында Алматы қаласында семинар өтті. Семинарды Тұтынушылар құқығын қорғау комитетінің төрағасы Мәтішов Әлиакбар Болатұлы ашты. Комитет төрағасы "Санитарлық-эпидемиологиялық аудиттің" бүгінгі таңдағы ел экономикасын көтеру,

соның ішінде шағын және орта бизнеске қолайлы жағдай жасау керектігін нақты түсіндіріп айтты. Сондай-ақ, Елбасымыздың "Денсаулық саласындағы реформалау жұмыстарын халықаралық стандарттың талаптарын ескере отырып жүргізу керек" деген сөздерін негізге ала отырып, осы саладағы жұмыстарды тиянақты орындауды барлық мамандарға қадап тапсырды.

– Сонда санитарлық-эпидемиологиялық аудитпен қандай мамандық иесі айналыса алады және Қостанай облысы бойынша қанша маман осы салада жұмыс жасайды?

– Жоғарыда аталған Кодекстің 62-бабының 4-тармағына сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық аудитпен жоғары білімді медицина саласының санитарлық-гигиеналық мамандығын бітірген, сондай-ақ санитарлық-гигиеналық мамандығы саласында "жалпы гигиена" бойынша жоғары санатты мамандар айналыса алады. Бір сөзбен айтқанда, осы салада көптен бері жұмыс жасап келе жатқан, яғни 15-20 жылдық тәжірибесі бар жоғары санатты мамандар жұмыс жасай алады. Ал, жоғары санат тек Астанада, комитеттің комиссиясына емтихан тапсыру нәтижесінде ғана беріледі. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығының" Қостанай облысы бойынша филиалында әзірге осы жұмыспен мен ғана айналысып жатырмын.

– Бұл жұмыстар қандай негізде жүргізіледі? Сондай-ақ, санитарлық-эпидемиологиялық аудиттің санитарлық-эпидемиологиялық бақылау қызметінен айырмашылығы неде әрі бизнеске қандай көмегі бар?

– Біріншіден, кәсіпорынның санитарлық-эпидемиологиялық аудит жүргізу туралы өтініш хаты болуы қажет. Екіншіден, осы өтініш хатына сәйкес ақылы түрде келісім-шарт жасалады. Осы шарт бойынша мен санитарлық-эпидемиологиялық аудитті жүргіземін. Яғни, әлгі кәсіпорынның



жағдайын, шығаратын өнімін жақсартуға атсалысамын. Бір сөзбен айтқанда, мен кәсіпорындардың қорғаушысы іспетті қызметті атқарамын. Қазіргі күні көп кәсіпорындардың шығаратын өнімдерінің сапасы талапқа сай келмей жатады. Осының салдарынан ондай кәсіпорындардың бизнесі де алға жылжымауда. Бұрын кәсіпорындар санитарлық мамандардың тексерісінен қорқып отыратын болса, жаңа жүйе бойынша келісім-шартқа отырғандары бұған бас қатырмайтын болады. Олар бірден санитарлық-эпидемиологиялық аудит маманына хабарласады. Ал, санитарлық-эпидемиологиялық аудит маманымен келісім-шартқа отырған кәсіпорындарға санитарлық мамандар тексеріс жүргізбейді. Олар үшін біз жауап береміз, ал жыл соңында тұтынушылар құқығын қорғау департаментіне есеп беретін боламыз. Егер заң бұзушылықтар орын алса, мен кәсіпорындарға ол олқылықтардың орнын толтыруға кеңес беріп, бағыт-бағдар сілтеймін. Егер ескертулерден ешқандай нәтиже шығарылмайтын болса, ондай кәсіпорынмен келісім-шартты бұзуға тура келеді. Әзірге бізге облыстың әр өңірінен жиырмаға жуық кәсіпорын хабарласып, кеңес сұрады.

Жалпы, өркениетті елдерде мемлекеттік мекемелер тарапынан тексеру, бақылау жұмыстары өте аз екендігін барша халық біледі. Елбасының Жарлығымен бизнесті тексеруге мораторий жарияланғанын қалың бұқара құптап отыр. Себебі, бұл

жаңа бизнес бастаушылардың аяғынан тұруына жәрдемдеседі. Олар нарықтағы өз орындарын табады. Еркін тыныстап, өздеріне сенімді болады. Орынды, орынсыз, жоспарлы-жоспарсыз тексере беретін бақылаушы органдардың іс-қимылының бизнестің тынысын тарылтатынын көпшіліктің бәрі біледі. Елбасының да көксеген мақсаты осы болатын. Яғни, орта және шағын бизнесті дамыту арқылы елімізді дамыған, өркениетті елдердің қатарына қосу. Президентіміздің көрегендік саясатының арқасында бүгінде бүкіл дүниежүзі біздің елімізге инвестиция құюға, елдің экономикалық жағдайын көтеруге атсалысуға қызығушылық танытуда. Қазіргі таңда инвестиция тарту саласында Қазақстан ТМД елдері арасында алдыңғы қатарда келеді. Елімізде жарияланған мораторий өз кезегінде тек бизнеске ғана емес, мемлекет үшін де тиімді. Ол бизнесті заңнаманы қатаң сақтауға міндеттеп, корпоративтік мәдениеттің қалыптасуына, тауар сапасының, қызметтер сапасының артуына мүмкіндік ашты. Дегенмен, осындай жасалынып жатқан жеңілдіктерге қарамастан бизнес тарапынан халыққа таза қызмет жасалмай жатқан жайттар да тіркелуде. Міне, санитарлық-эпидемиологиялық аудит маманы осындай келеңсіздіктердің алдын алуға, оны болдырмауға көп септігін тигізеді деп ойлаймын.

– Сонда осы олқылықтардың орнын толтыруда жаңа жүйенің қандай ерекшеліктері бар?

– Жаңа жүйенің берері көп. Бұрын санитарлық мамандар кез келген бизнес нүктесін жоспарсыз тексере беретін. Бұл, әрине, тұтынушы үшін тиімді еді. Себебі, жоспарсыз тексеріс кезінде кәсіпорынның қандай күйде жұмыс істеп жатқандығын нақты көзбен көріп, анықтай алатын едік. Ал, қазір жоспарлы тексеріс болған соң, кез келген кәсіпорын дайын отырады. Талапқа сай еместері алдын ала тиянақтап, бәрін "қатырып" қояды. Сондықтан да, қазір астан улану, шығарған өнімнің сапасыздығы сияқты жәйттер көбейіп кетті. Сондай-ақ, санитарлық мамандар талапқа сай емес кәсіпорындарға бірден айыппұл салады, ал бұл өз кезегінде енді ғана көтеріліп келе жатқан кәсіпорынның ісін өрге бастырмасы анық. Ал, жаңа жүйенің бір ерекшелігі, егер кәсіпорын бізбен келісім-шартқа отырған болса, тексеру барысында ол кәсіпорында орын алған ереже бұзуға байланысты айыппұл салынбайды. Өйткені, біз кәсіпорында қандай жұмыс орнына кеңіл бөлу керектігін, шығаратын өнімінің сапасына қандай да бір зиян келтіретін мәселелер болса, уақытында ескертіп отырамыз. Тексеру біткен соң біз кәсіпорынның жағдайын дұрыстау туралы нұсқамалар береміз. Берілген нұсқамаларды орындаған жағдайда кезекті екі рет тексерілуден босатылады. Сөз жоқ, бұл кәсіпкерлердің әкімшілік күрмеуден, айыппұлдардан қолдарын босатады. Ал, берілген нұсқамалар орындалмаған жағдайда сол мекемемен келісім-шарт бұзылады және кезекті тексеру жүйесіне қайтарып беріледі.

– Өңгімеңізге рахмет!

Қарақшылар қамауға алынды

Қостанайда 48 жастағы кәсіпкердің үйіне қарақшылық шабуыл жасаған төрт күдікті 9 қараша күні қамауға алынды.

Кәсіпкердің отбасына шабуыл 18 қазан күні жасалған болатын. 17-22 жастағы төрт жігіт қылмысты алдын ала жоспарлаған. Олардың біреуі бұрын қарақшылық жасағаны үшін сотталған. Жұмыссыз жүрген төртеу жәбірленушінің пәтерін сатқанын естіп, ақшалары бар деген оймен қарақшылық шабуыл жасауға бел буған. Кәсіпкердің баласының есімін біліп алып, үйге алдап кірген. Бетперде киген, пышақпен қаруланған қарақшылар үй иесі мен оның әйелін азаптаған. Ақыр соңында кәсіпкерді өлтіріп, үйдегі 9800 АҚШ долларын, 30 мың теңге мен алтын бұйымдарды алып кеткен.

Бірден Астанаға кетіп, валютаны айырбастап, қажеттеріне жаратқан. Алтынды біреуінің үйінде жасырған.

2 қараша күні шабуылға қатысқандардың бірі қолға түсті. Кейін қалғандары да ұсталды. Қазір Қостанай қаласы ІІБ қызметкерлері тергеу іс-шараларын жүргізуде. Күдіктілер кінәсін мойындады. Оларға қатысты ҚР Қылмыстық Кодексінің 99-2 бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды.

Телефон алаяқтарынан абай болыңыздар

Облыстың ІІД баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, аймақта телефон

алаяқтарының қылмысы жиілеп кеткен.

Алаяқтар азаматтарды алдап соғудың жаңа әдісін ойлап тапқан – ұялы телефондарға көлік ұтып алғаны

туралы жалған ақпарат таратқан. 3 қараша күні "Құрметті абонент! Сіз көлік ұтысына үміткер атандыңыз. Ұтысқа қатысу үшін комиссиялық жарна төлеуіңіз керек", – деген хабарлама алған Рудный қаласының тұрғыны 6 күн ішінде алаяқтардың есепшотына 69 мың теңге аударған.

ОИД криминалдық полиция басқармасы қызметкерлерінің мәліметіне қарағанда, жыл басынан бері өңірде осыған ұқсас 7 қылмыс тіркелген. Алаяқтардың талайды тақырға отырғызған тағы бір айласы бар. Жалған полицейлер телефон шалып, қамаудағы туысқандарыңызға ақша төлеп, көмектесуді сұрауы мүмкін. Ондай хабарға сене бермеңіз. Жыл басынан бері осындай 26 қылмыс тіркелген.

Тәртіп сақшылары тұрғындарды сақтыққа шақырады. Таныс емес нөмірден келіп түскен өтініштер мен талаптарды орындамас бұрын, күдік туған жағдайда 102 нөміріне немесе полиция бөлімшесіне хабарласыңыздар.

● АҚБҰЛАҚ



Әрбір үйде – таза су

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Елбасының тапсырмасына орай қабылданған "Ақбұлақ" бағдарламасы әр өңірде өзінің тиімділігін көрсетіп келеді. Бағдарлама аясында жүзеге асырылып жатқан кешенді іс-шаралар елді мекендер мен ауылдардағы су тапшылығы мәселесін шешуге бағытталған.

Ауызсу мәселесі өзекті болып тұрған шақта Елбасының "Ақбұлақ" бағдарламасын іске қосуы күрделі мәселенің шешіміне айналды. Бағдарламаның қолға алынғалы бірнеше жылдың жүзі болды. Осы жылдар ішінде ауылдарға су тартылды, құбырлар жаңарды.

Жұртшылық үшін аса маңызды болып отырған ауыз су мәселесі жыл өткен сайын оңтайлы шешімін тауып келеді. Күрмеуі қиын мәселе мемлекеттік бағдарлама аясында жүзеге асып жатыр. Қай кезде болмасын ауыз судың сапалы болуы маңызды. Су — тіршілік көзі. Халық денсаулығының мықты болуы да таза ауыз судың сапасына байланысты. Жұртшылықтың талап-тілегі біреу. Ол ауыз судың сапалы әрі қолжетімді болуы. Осы жайттар мемлекет тарапынан ескеріліп, мемлекеттік қазынадан қаражат бөлінді. Әр облыс бағдарлы жұмыстар атқарып жатыр. Бұл бағытта облыс көлеміндегі аудандарда айтарлықтай іс атқарылуда. Сондай ауданның бірі — Таран ауданы.



лар суға шомылып, біраз жеңіл болып қалды. Су — тіршілік тірегі десек, бұл көрініс біздің өңір үшін енді шешімі табылған мәселе болды. Бағдарлама аясында қолға алған жұмыстардың нәтижесінде бүгінде ахуалдың жайланып, байқалады, — дейді Таран ауданындағы балаларға арналған мектеп-интернатының директоры Гүлсім Жұмағұлқызы.

Қазір балалар да, асүй аспазшылары да ішке кірген судың рахатын көруде. Жұмыстары да бұрынғыдай емес, әлдеқайда жеңілдеді.

— Су мен жылу мәселесі қай тұрғынның болмасын басты назарында. Тобыл стансасы тұрғыны көп мекеннің бірі. Қазір аймақта су құбырлары түгелімен ауыстырылуда. Енді кегілдір отын тартылады деп жатыр. Газ қазандығын қосса, рахат болар еді. Қазір көмірмен жылытыламыз. Бірақ осы қазандыққа 30 жыл болды. Ескіріп тұр. Жаңарту үшін қаражат қажет. Ал су құбырлары ескіріп, даттанып, судың сапасына теріс әсерін берген еді. Енді жағдай түзелді, — дейді "Тобыл" коммуналдық кәсіпорнының басшысы Таңсықбай Сабықов.

— Судың сапасы жақсы. Бұрын да су мәселесі соншалықты қиын болмады. Тек судың қысымы түсіп кететін. Қазір сол құбырлар жаңартылып жатыр. Әркім өз үйіне кіргізіп алып жатыр. Өз басым әлі үйіме кіргізгенім жоқ. Бірақ ол жоспарда бар дүние, — дейді аудан тұрғыны Татьяна Рудик.

Түйіндей келгенде, "Ақбұлақ" бағдарламасы халықты таза ауыз сумен қамтуға жол ашты. Бағдарламаның шапағатын ел көріп, алғыс айтып жатса, мақсаттың да жүзеге асқандығы.



проблема да біртіндеп өз шешімін тауып келеді. Әсіресе, балаларға жақсы болды. Су ішке кірді. Бала-

● ӨМІР – ӨЗЕН

"ҚАЗАҚ" пен "АЙҚАПТЫ"

қайта тірілткен

Жазушы Қоғабай Сәрсекеев туралы сөз



Желдей есіп, зымыраған уақыт-ай!.. Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандап өткен тәуелсіздікке қол жеткенде, ең алдымен, шекарамызды белгілеп алдық, тарихымызды түгендедік, экономикамызды дамыттық. Міне, соның арқасында Қазақ хандығының 550 жылдық мерекесін де тойлап тастадық. Қостанай, Торғай аймағында да қазақтың хандық тарихына айтарлықтай үлес қосып, қан төккен, жандарын болашақ үшін пидә еткен ел басқарған билер, батырлар, ақындар, ғалымдар, бір сөзбен айтқанда, зиялы қауым өкілдері аз болмаған.

Солардың бірі, тіпті, бірегейі — Сәрсекеев Қоғабай Сәтенұлы. Ол Қостанай облысы, Жанкөлдин ауданы, Торғай селосында 1939 жылдың 1 сәуірінде туып, 2014 жылдың 17 қарашасында Алматы қаласында 76 жасына қараған шағында дүниеден озды. Өзінің ғұмырында "Кілт", "Қараша қаздар", "Қызыл жалау", "Заман Ақыр", "Смута", "Мұңлық-Зарлық" драмасы, "Алдан", "Үш арыс", "Үш таным", "Төрт Таған", "Портреттер", "Қазақия", "Дешті Қыпшақ", "Қазақ шаруасы" атты көптеген туынды, әңгіме, повестер мен романдар, публицистикалық шығармалар қалдырып, қазақ әдебиеті мен журналистикасы үшін елеулі еңбек сіңірді.

Мұны өз сөзінде: "Өмірбақи қаузап келе жатқаным — Қазақ тақырыбы; Байлығым — қазақтығым, қазақтың төзімі намысына тигенде таусылады; Қазақ түйілмейді, түйілсе — шешілмейді. Қазақтың кеңдігі даласымен, пейілі аспанымен өлшенеді. Қазақ тұтанса сөнбейтін от. Қазақ қонағын құдайындай сыйлайды, бесігін құрметтейді, отты аттамайды, сүтті төкпейді, нанды баспайды". Осының бәрі ұлтымыздың байлығы емес пе?!" — деп айтқаны әлі жадымда.

"Қызыл жалау" романының тағдыры жайында кезінде ой толғаған Қабдыкөрім Ыдырысов: "...баспадан автордың өзіне қайтармақ ойымыз жүзеге аспай, классик жазушы Фаби Мүсірепов өзі алдыртып шығармамен танысып, "Мінезді көркем шығарма жазған білікті қаламгер", — деп, тіпті Қоғабайдың кітабына алғы сөз жазғанын тебірене жеткізеді. Бұл өріне, жазушыға берген оң баға еді.

Марқұм Қоғабай Сәтенұлы ұлт ұстаздарымен үндес күрескер, суреткер, майталман қаламгер болатын. Сөзбебі, Алаш қайраткерлері Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов және М. Дулатовтың елдік, мемлекетшілдік идеясын одан әрі жалғай түсті. 1913 жылы ақпанда ашылып, билікке "қызылдардың" келуімен 1918 жылы жабылып қалған ұлттың алғашқы бас газеті, қалың қазақ елінің айнасы болған, білім мен өнерді, мәдениетті насихаттаған "Қазақ" газетін 88 жылдан кейін, яғни, 2006 жылдың 22 наурызынан бастап Қоғабай Сәрсекеев өзінің басқаруы, қаражатымен № 266 санымен қайта басып шығарды. Бұл дегеніміз — әркім өз күнін күйттеп кеткен қазіргі нарық заманында нағыз ерлікпен пара-пар.

"Қазақ" газетінің басылымы шығуына байланысты Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бас редактор Қ. Сәрсекеевке құттықтау хат жолдап, тағдырдың небір қиын да тауқыметін бастан өткерген "Қазақ" газеті Тәуелсіз қазақ еліне қайта

оралып, халықпен қауышқанын жеткізеді.

Қоғабай мұнымен тоқтап қалмай, тағы да қайраткерлік таныта түседі. Ол қазақтың тұңғыш журналы "Айқапты" қайта тірілтеді. Журналдың 1911-1915 жылдары редакторы болған жерлесіміз Мұхамеджан Сералиннің еңбегін одан әрі жалғап, 97 жылдан кейін, яғни, 2012 жылғы шілде айында тағы да өзінің қаражатымен баспадан шығарып, тәуелсіз қазақ жұртымен қайта қауыштырады.

Міне, осындай алашшыл идеямен Қоғабай Сәтенұлы аталған басылымдардың мәні мен мазмұнын, көркемдік мағынасын арттырып, қалың бұқараның санасына ұлттық рухты сіңіруге атсалысты.

Заманымыздың өзекті мәселелерін зерттеп, шығармаларының мазмұнын елдің кешегісі мен бүгінгісі, болашағы туралы ой-пікірлермен тоғыстырған қаламгердің бақилық болғанына да бір жылдың жүзі болып қалған екен. Соған орай, Алматы қаласында 11 қараша күні жазушыға орнатылған ескерткіштің ашылу рәсімі болатынын және "Достық" үйінде ас берілетінін жеткізім келіп отыр.

Еліне, халқына лайықты қызмет атқарып, қазақ әдебиетінің алтын қорына қыруар мұра қалдырған жерлесіміз Қоғабай Сәтенұлының былтырғы жылы асында өңірден ақын, ғалым Серікбай Оспанұлы екеуіміз қатысып, академик Кенжеғали Сағадиев елден келген бізге арнайы сөз берген еді. Сол аста арқалы ақын Серікбай Оспанұлы Қоғабай ағасына жыр арнаса, осы жолдардың авторы жазушының қайраткерлігін, "Алаш" идеясын жалғастырушы ізбасар екендігін әңгімелеген едім. "Алаш" сөзін біз балабақшада, мектепте ұрпақ санасына сіңіре түсуіміз қажеттігін, сол үшін "Қазақ", "Айқап" сияқты басылымдардың санын көбейте түсу керектігін сөз еттім. Сондай-ақ, Қостанай облыстық мұражайында жазушыға бір бөлім ашып, онда оның барлық творчестволық еңбектері мен өзінің жеке жинақтаған көне жәдігерлердің көрмесін неге ұйымдастырмасқа деген ойды да қазір ортаға талқыға салудамын.

Алдағы уақытта еліміздегі заңдылықтарға сәйкес облыс орталығындағы кітапхананың аты Сәрсекеевтің есіміне беріліп, бюстің орнату мәселесін тиісті орындар қарап, шешуін көпшілік қолдап, сұрайды.

Марқұм, жерлесіміз, жазушы Сәрсекеев Қоғабай Сәтенұлының тірі күнінде көрсеткен ерлігін, қамқорлығын бүгінгі ұрпақ ұмытпауы қажет.

Марат ҚАСЫМОВ,
зейнеткер.

Қостанай қаласы.

СУРЕТТЕ:
Қоғабай Сәрсекеев.

Жастар KZ

Жастарға арналған қосымша

Жас келсе – іске...



Елбасының бастамасымен қолға алынған "Дипломмен–ауылға!" бағдарламасы өз өміршеңдігін дәлелдеп келеді. Бұл ауқымды жобаның шарапатын көріп отырған жастар қатары көбейді бүгінде.

Биыл ауданымыздың денсаулық сақтау саласына он жас маман келген болатын. Оның алтауы аудандық орталық ауруханаға жұмысқа орналасты. Солардың бірі – Ұлжан Бимұратова.

Ол Семей мемлекеттік медицина академиясына оқуға түсіп, жақсы тәмамдаған. Студент кезінде "Дипломмен–ауылға!" бағдарламасының мүмкіндіктері туралы естіп-білгеннен кейін, оған қатысуды жөн көрді.

– Мен ауруханада жалпы тәжірибелі дәрігер болып жұмыс істеп жатырмын. Өзім қалаған мамандығымды игеріп, еңбек жолымды ауылдан бастағанымға өкінемін. Мұнда келуіме "Дипломмен–ауылға!" бағдарламасының ықпалы зор болды. Бұл бағдарламаның біз сияқты жастар үшін берері мол, – дейді жас маман.

Ұлжан өз ісіне тиынақты, асқан жауапкершілікпен қарайды.



Жас та болса, білікті маман ретінде танылып келеді. Жанына шипа іздеген жандардың сауығып кетуіне септігін тигізуді басты парызым деп санайды.

Келесі кейіпкеріміз – Айсұлу Октябрь. Ол Моңғолия мемлекетінің Баян-Өлгей аймағында дүниеге келген. Тоғыз жасына

дейін сол жақта тұрып, 2002 жылы атамекені – Қазақстанға көшіп келеді. Мұнда Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Бектау ауылына тұрақтайды. Білімін сол ауылдың орта мектебінде жалғастырып, оны 2012 жылы тәмамдады. Кейін Астана қаласының медициналық колледжіне оқуға түсіп, биыл медбике мамандығын алып шықты. Қазір жоғарыда айтылған емдеу мекемесінің емханасында учаскелік медбике.

Айсұлу – тұрмыста, жолдасы Бердімұрат Сайлаубек "Достық" аудандық мәдениет үйінде жұмыс істейді. "Дипломмен–ауылға!" бағдарламасы аясында көрсетілетін әлеуметтік қолдаудың арқасында, ерлі-зайыптылар жағдайларын түзеп алды.

– "Дипломмен–ауылға!" біздей жастарға көп мүмкіндік беріп отыр. Осы бағдарлама арқылы жаңылдатылған несие алып, Қарасудан баспана сатып алдық. Жағдайымыз жаман емес, жұрт қатарлы өмір сүріп жатырмыз, – дейді Айсұлу өз сөзінде.

Еңбекке енді араласқан жас маман өз жұмысының қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінеді. Сондықтан ауыл халқының денсаулығын нығайтуда аянбай еңбек етеміз дейді.

Жаңабай АХМЕТОВ.

Қарасу ауданы.

СУРЕТТЕ: (оңнан солға қарай) Ұлжан Баймұратова, Айсұлу Октябрь.

мысалға алып, нысананы деп көздейді. Ақшығанақ ауылдық округінен келген "Тосын тарландары" барлық қойылымдарын тақырыпқа сай бейімдеген. Сөздің шындығына келсек, кемшілік тұстары да жоқ емес. Тек қатысқақ болды деген ниетпен келген командалар да сүйелдей көзге оғаш көрініп тұрды.

Қазылар алқасының шешімімен, бас жүлдені "Тосын тарландары" жеңіп алды. 1-орынды "Жарқол жастары" командасы иеленді. 2-орын "Қошамет" командасының еншісіне



Жайдарманыштар жарқын көңіл сыйлады

Аудандық ішкі саясат бөлімінің қолдауымен, "Жастар" бастамалар орталығының ұйымдастыруымен қазақ хандығының 550 жылдығына орай аудандық мәдениет үйінде өткен "Жайдарман" ойын-сауық кеші көрермендерге жарқын көңіл сыйлады.

Ауыл жастарының өнерлерін насихаттау барысында өткен бұл іс-шараға небәрі бес команда қатысты. Олар өмірдегі кейбір келеңсіздіктерді әжуалы әзілдерімен жеткізіп, жүзімізге күлкі ұялат-

ты. Бойларындағы тума таланттарын киелі сахнада сарқып берген өнер иелері пародиялық қырынан да таныла білді. Сәлемдесу кезеңінде "Көкалат жастары" командасы киелі Торғай жерінің топырағын негізге ала отырып, бүгінгі таңда өркендеп дамып келе жатқандығын айтып, мәртебемізді биіктетті. Ал "Қоңқабай қырандары" өркениетті ел екендігімізді дәлелдеп, ана тілімізді ардақтай отырып, өзге тілдерді құрметтеу керектігін

бұйырса, 3-орынды "Көкалат жастары" мен "Қоңқабай қырандары" теңдей бөлісті.

Аудан әкімінің орынбасары Түбекбай Әубәкіров бүгінгі кештен жақсы әсер алғандығын тілге тиек етіп, "Жастар" бастамалар орталығының алғашқы бастамасына оң бағасын беріп, жеңімпаз атанған командаларға алғыс хаттар мен ақшалай сыйлықтар табыс етті.

Байбатыр НИЯЗБЕКҰЛЫ.
Жанкелдин ауданы.

● САУАЛНАМА

Тығырықтан шығар жол қашанда бар

Бүгінгі таңда суицид қоғамның қасіретті дертіне айналды. Өз-өзіне қол жұмсау – үлкен күнә. Солай бола тұра түкке тұрғысыз түйткілді мәселелердің шешімін таба алмай әуре-сарсаңға түсіп сандалатын жастар өз өмірімен асығыс қоштасуда. Елімізде жастар арасындағы суицид әлем бойынша алғашқы орыннан түспей келе жатқаны сондай өкінішті. "Мұндай қадамға жастарды не итермелейді?" деген сұрақ сананы еріксіз мазалайды. Осы орайда жастардың өздерін сауалнамаға тартқан едік.

Жанерке СӘБИТБЕК,
4-курс студенті:

– Мұның себебі өте көп. Жауапсыз махаббат, жақын адамдар арасындағы түсініспеушілік, әртүрлі проблемалар, өмірдің мәнін жоғалту, жеке өміріндегі қайталан берілетін сәтсіздіктер т.б. Алайда, мұның бәрі өз өмірін бір сәтте қиюға тұрмайтын қарапайым мәселелер. Әр адам өз өмірінің иесі. Сондықтан да өмірімізді қадірлейік, бағалайық!



Мәлік БЕКҚАЛИ,
3-курс студенті:

– Суицид оқиғаларының жиілеуіне жастардың өмір сүруге бейімсіздігі себепші деп ойлаймын. Сәл қиындыққа төтеп бере алмайды. Ал, бұрындары ата-әжелеріміз қандай қиындыққа болмасын төзіп, артында ұрпақ қалдыруға тырысқан. Қалай да өмір сүруге ұмтылған. Ал, қазіргі жастардың әрекеттері өзекті өртейді. Барлығымыз бұл мәселенің оң шешімін табуымыз қажет. Әйтсе де, мұны бір адамның мойнына жүктелген міндет

деп түсінуге болмайды. Бұл – қоғамға төнген қауіп. Сондықтан онымен халық болып күресуіміз керек.

Құралай СӘНДІБЕКОВА,
2-курс студенті:

– Айналамыздағы достарымыздың мінез-құлық ерекшелігін бірден аңғарып, жабырқаған жанға демеу болуымыз қажет. "Жақсы сөз жан семіртеді" демекші, үнемі қолдау білдіріп, көңілін көтеріп, дер кезінде қасынан табылуымыз шарт. Әсіресе, жасөспірімдердің талпынысына, өмірді бастауына қолғабыс тигізе отырып, кездескен қым-қуыт қиыншылықтарды жеңуге көмектесуіміз керек. Әр қиындықтың шешімі бар.



Қорыта келе айтарым, өмір – адамға бір-ақ рет берілетін баға жетпес қымбат сый. Баршамыз бірге сан алуан жаман әдеттерден бойымызды аулақ ұстап, қоғамымыздың бұл қасіретті дертінен біржола арылуының жолын іздеп, салауатты өмір салтын мықтап ұстанайық! Сонда ғана ұрпағымыздың дені сау, жаны сұлу болмақ!

Сауалнаманы жүргізген

И. ЖАЙЛАУБАЕВА,
Ы.Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжінің арнайы пәндер оқытушысы.



Жастар қосымшасының редакторы
Айтолқын АЙҚАДАМОВА.

"СЕРПІНДІКТЕР" бас қосты

Рудный индустриялық институтында Қостанай облысы оқу орындарының "Көшбасшы-Сардарлары" жиналыс өткізді. Оған "Серпін –2050" мемлекеттік бағдарламасы бойынша білім алып жатқан Қостанай, Арқалық, Жітіқара мен Рудныйдың студенттері қатысып, жан-жақты мәселелерді таразы талқысына салды.



Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

Елбасының өзі тікелей қолдау көрсетіп отырған "Серпін–2050" жобасын еліміздің ішіндегі "Болашақ" бағдарламасы деуге болады. Себебі, маңызы жоғары. Бүгінде солтүстік өңірлерде халық саны және жұмыс күші аз. Есесіне, оңтүстікте керісінше. Мұнда бірнеше дипломы бар мамандардың өзі жұмыс таппай сенделіп жүр. Осы жұмыс күшін еліміздің солтүстік, орталық және шығыс өңірлерін өркендетіп, индустрияландыру шарасына тарту – құптарлық қадам. "Серпіннің" басты мақсаты да осы.

"ССКӨБ" АҚ үшін инженерлік-техникалық кадрларды даярлайтын Рудный индустриялық институтына биыл 150-ге тарта "серпіндік" қабылданды. Олар тау-кен ісі, жылу энергетикасы, электр энергетикасы және осы уақытқа дейін тек орыс топтарына ғана оқытылған металлургия, ақпараттық жүйелер, көлік техни-

касы және технологиясы, технологиялық жабдықтар мен маши-

не араласуда. Ертең олар кен алыбы мен өңірдің басқа да



налар сияқты мамандықтар бойынша білім алып келеді. Білім алып қана қоймай, институт пен қаланың қоғамдық, мәдени және спорттық іс-шараларына белсе-

"Серпін–2050" жобасы бойынша 2050 түлек 7 университет пен 25 колледжге оқуға қабылданды, биыл гранттар саны 6200-ге жеткенін айта кеткен. Ағымдағы жылы жобаға 19 жоғары оқу орны мен 47 колледж тартылып, студенттер 120-дан астам мамандық бойынша білім алып келген. Әсіресе, жобада техникалық мамандықтарға басымдық берілген.

кәсіпорындарына жұмысқа келіп,

Мәселен Жітіқара политехникалық колледжінің студенті Дастан

өндірісті өркендетуге өзіндік үлес қосатыны сөзсіз. Сондықтан да "серпіндіктерге" артылар жауапкершілік пен сенім мол.

Жиын барысында жер-жерден келген "Көшбасшы-сардарлар" жатақханамен қамтылу, оқу және тәрбие жұмыстарын жүргізу мен жоспарланатын іс-шараларды жүзеге асыру мәселелері қаралды. Жер-жерден келген студенттер өздеріне жасалған жағдайлар туралы еш бүкпесіз айтып жатты.

Рысбек жатақханада дене шынықтыру залы мен түрлі үйірмелер қарастырылғанын айтса, тоғрайлық Аграрлық-техникалық колледжінің сардары "серпіндіктердің" республикалық спорт жарыстарындағы жетістіктерін мақтанышпен атап өтті. Рудныйлық студент, Қостанай облысының аймақтық "Көшбасшы-сардары" Оңдасын Әлиев жатақханадағы студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында "Жаңа серпін" қозғалысын құрып, сол бойынша іргелі жұмыстарды атқарып жатқандығын баяндады.

Жиналыс барысында "Көшбасшы-Сардарлар" бір-біріне өздерін қызықтыратын сұрақтар қойды. Өз идеяларымен, ойларымен және ұсыныстарымен бөлісті. Отырыс қорытындысы бойынша серпіндіктердің тұрмыс-тіршілігін жақсартуға қатысты бірқатар ұсыныстар қабылданды.

● СТУДЕНТ КҮНДЕЛІГІНЕН

бір ауыздан: "ҚМУ-ға" – дедік. "Еее, ол осы қаладағы беделді оқу орны ғой, бірақ ақшасы да қымбат" – деді жүргізуші жол-жөнекей әңгімелеп. Мен: "Гранттан үмітім бар" – дедім, ақшасы қымбат деген сөзіне жыным келіп. Ағай мәз-мейрам болып: "Түсіп кетуіңе тілектесіпін" – деп, белгілеген жерге жеткізіп тастады. Машинадан түсіп, жан-жағымызға қарасақ, құдды бір орманға кіріп кеткендейміз. Маңайымыз толған ағаш, ешқандай оқу орны көрінбейді. Содан өрірек

қайдан табады деп ойладым екен?! Барлығы жан-жақтан қоңырау шалып "ақылы" оқуың не сенің? Есің дұрыс па? Ана ата-әжеңді ойламайсың ба?" – деп айғайлап жатты. Сол кездегі әжемің бір ауыз сөзі құлағымнан әлі кетпейді. Мен тірі тұрғанда, пенсиямды жинасам да, кредит алсам да қызымды осы университетте оқытамын!" – деп кесіп бір-ақ айтты. Осыдан соң барлық сөз тыылды. Міне, сол кісінің арқасында мен бүгін өзім қалаған мамандықта білім алып жатырмын.

Ойға алған мақсатыңа жету үшін, онда білім алу аз. Ол үшін өзінде ниет және талап болуы керек. Мен әлі де болса осы мамандық жолында ізденумен, еңбектенумен боламын. Тек жалғыз жанашырым жанымда болса екен деп тілеймін! Келесі сөздерімді сол кісіге арнаймын: Әжетай! Асыл да, алтын әжем! Мені арманымның алғашқы баспалдағына жетелегеніңізге көптен-көп рахмет! Мені кішкентай кезімде алғаш білім ұясына қолымнан жетектеп апарған да, бірдеңені білмей қалсам, үйреткен де өзіңіз! Әлі есімде, қазақ тілі пәнінен бір ереже түсінбей қалып, түн болғанда қыстың ызғарына қарамастан сол пәннен беретін апайдың үйіне апарғаныңыз... Өзімді сіздей дана әжеден тәрбие алғаным үшін бақытты санаймын! Мен журналистика жолына түсемін дегенде барлық жақындарым маған сенбеді. Сол кездегі тек сіздің ғана қолдауыңыз мені биікке шабыттандырды! Егерде осы уақытқа дейін көрінген, не болашақта көрінер биігім болатын болса тек сіздің арқаңызда деп біліңіз! Осы тұста мектепке берген бір сұхбатыңыз есіме түсіп кетті. "Менің Ақбота өскенде үлкен азамат болады!" дегенсіз. Әже, сен еш уайымдама, мен міндетті түрде сенімдіді ақтаймын! Міндетті түрде ешкімнің ойына келмеген биік белеске жетемін, әже! Менің жалғыз жанашырым, жабырқасам жанымнан табылатын да, қиналғанда менімен жабығатын да тек сіз ғанасыз! Ауырмай-сырқамай тек жанымда болсаңыз екен...

Ақбота САҚҰЛОВА,
ҚМУ-нің 4-курс студенті.



Егер де бір нәрсені шын ниетіңмен қатты қаласаң немесе оны күндіз-түні ойлап армандасаң, ол міндетті түрде жүзеге асады. Бір жағынан сол мақсатыңа жету жолында аянбай тер төгуіңде маңызды екен. Бір кездері маған журналистика саласында білім алу қол жетпес арман болып көрінген еді. Ал, қазір 4-курсқа қалай келіп қалғанымызды өзіміз де байқамай қалдық. Уақыт шіркіннің жүйрік екеніне таласым жоқ! Кезінде ойлаушы едім, егерде ҰБТ-ден өзім межелеген баллды алмасам, онда журналистикада оқу тек түс болып қана қалады деп. Сол үшін де күндіз-түні жатпай-тұрмай барлық кітаптарды ақтарып, тесттерді қайта-қайта қарап, қатты іздендім де. Ұйқым келіп тұрса да, өз-өзімді мәжбүрлеп таң атқанға дейін дайындалатынмын. Тіптен, "Ақбаян" газетіндегі Түймекүл апайдан барлық арман-тілектеріңді орындауға көмектеседі деп анықтама берілген тұмарды да алдыртқанмын. Бәлкім, балалықпен "көмегі тиіп қалар" деп ойладым ба екен, кім біледі?! Бір қызығы, ол ҰБТ біткен соң келді. Ал сол сынаққа кірерде бір мұғалім: "Таңертең құмалақ аштым, жақсы тапсырасың" – деді. Жалпы өзім ондай тұмар, құмалақ ашу дегендерге сенбеймін. Дегенменде, ұстазым

айтқандай-ақ жоғарғы балл алып шықтым. Ал тұмарды арнайы алдыртқан соң, тастамай тағып жүргем, бір кітаптан "тұмарға тек әлсіздер ғана сенеді" деген сөзді көріп мүлдем тақпайтын болдым. Негізгі айтпақ ойым ол емес. Жоғарғы баллға ие болған соң, төтем екеуіміз оқуға тапсыруға қажет деген бар құжаттарды жинақтап, Қостанайға жол тарттық. Көптен бері арман еткен мақсатыма жетуге аз-ақ қалғандай қуанышым қойныма сыймай келеді. Менің бұл жасыл желектер жамылған, әсем әрі таза қалаға екінші келуім. Алғаш 10-сыныпта оқып жүргенімде "Абай оқуы" байқауының аудандық турынан жеңімпаз атанып, облысқа жолдама алғанда келгенмін. Ол кез көктем мезгілі еді. Көше бойындағы алма ағаштары аппақ болып гүлдеп, оның мұрын жарар хош иісі қала сөнін келтіріп тұрған. Кешкі Қостанайдың әр жолы жағалай жанған шамдар, орталықта маңдайына "Университет" деп бақырайып жазылған оқу орнын сол кезде-ақ көздеп кеткенмін. Енді міне ұзын жолда жүйткіген жеңіл көлік мені тағы да сол арманымға өкеле жатты. Ананы-мынаны ойлап қалғып кеткен мені төтем оятты. Қалаға кіріп келе жатырмыз екен. "Қайда апарайын?" – деді жүргізуші. Екеуіміз

жүріп, жол-жөнекей өтіп бара жатқан адамнан сұрасақ, біз сол оқу орнының артында жүр екенбіз. Ақыры сол өзім армандаған университетті де тауып, құжаттарды тапсырдық. Кейін белгіленген күні шығармашылық емтиханға қатысып ол сынақтан да ойдағыдай өттім. Енді тек грантқа іліктім бе, әлде жоқ па деген сұрақтың жауабын білу ғана қалды. Іштей "өтемін" деп сенімді болып жүрдім. Бірақ неге екенін білмеймін, үнемі бір нәрсенің орындалатынына қатырақ сенсем керісінше болып шығады. Ал үш ұйықтасам да түсіме кірмеген нәрседен кенеттен жақсы хабар алып жатамын. Бұл жолы да сол дәстүр қайталан-ды. Құжаттарды қабылдаған апай хабарласып, өтпегенімді айтты. Өз-өзімді ұстай алмай қатты жылап жібердім. Дауысымды естіген әжем де бірден түсінді. Қашанғы жылап жата бермекпін, өз-өзіме келіп әжемің жанына жақындадым. Мен де, ол кісі де үнсіз. "Қаладан төтелерің хабарласып, институтқа мұғалімдікке тапсырсын" – деп жатыр деді әжем. "Әже, жоқ мен мұғалім болғым келмейді, қазір екінші бірі оқиды ол мамандықта, менің арманым, менің таңдауым басқа!" – дедім журналистика дегенге жақындатып. Білмеймін, сол кезде тіптен үйдің жағдайын ойламаппын. Қаншама қаражатты

Қостанай облысы әкімдігінің
2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 406 қаулысы

Азаматтық хал актілерін тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қоса беріліп отырған мынадай мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттері бекітілсін:

1) "Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу";

2) "Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер немесе анықтамалар беру";

3) "Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу";

4) "Қайтыс болуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу";

5) "Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу";

6) "Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу";

7) "Әкелікті анықтауды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу";

8) "Азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру";

9) "Бала асырап алуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. МҰХАМБЕТОВ.

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде
2015 жылғы 28 қазанда № 5968 болып тіркелген.

Әкімдіктің 2015 жылғы 28 қыркүйектегі
№ 406 қаулысымен бекітілген

"Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру мынадай баламалы негізде:

1) көрсетілетін қызметті беруші;

2) "Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалы және оның қалалар мен аудандардағы бөлімдері (бұдан әрі – ХҚКО);

3) "электрондық үкіметтің" веб-порталы" (бұдан әрі – портал) www.egov.kz арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі:

жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде қағаз жеткізгіштегі туу туралы куәлік, енгізілген өзгерістерімен, толықтыруларымен және түзетулерімен туу туралы қайталама куәлік.

Порталда көрсетілетін қызметті алушының "Жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің берілу күнінің белгіленуі туралы хабарлама жолданады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімдерді (іс-қимылдарды) бастауға негіздеме Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі №219 "Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостильдеу мәселелері бойынша

29 (жиырма тоғыз) күннен аспайтын уақытқа ұзартылады.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасы;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасына қол қояды, 4 (төрт) сағат.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – қол қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі;

5) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді, 15 (он бес) минут.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттар топтамасын қабылдау мен тіркеуді жүргізеді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді, 15 (он бес) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы жауапты орындаушыны айқындайды және тиісті бұрыштама қояды, 4 (төрт) сағат;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін дайындайды, 1 (бір) жұмыс күні;

баланың туған күнінен бастап екі ай мерзім өткеннен кейін, баланың тууын тіркеген жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызмет күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде көрсетіледі;

Стандарттың 9-тармағында белгіленген құжаттарды қосымша тексеру қажет болған кезде, қызмет көрсету мерзімі қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап көрсетілетін қызметті алушыны күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде хабардар ете отырып, күнтізбелік 29 (жиырма тоғыз) күннен аспайтын уақытқа ұзартылады;

азаматтық хал акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтініш – күнтізбелік 14 (он төрт) күн (қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді), басқа мемлекеттік органдарға сұрау салу қажет болған кезде қызмет көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті алушыны күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде хабардар ете отырып, күнтізбелік 29 (жиырма тоғыз) күннен аспайтын уақытқа ұзартылады;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасына қол қояды, 4 (төрт) сағат;

5) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді, 15 (он бес) минут.

4. Халыққа қызмет көрсету орталықтарымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

8. ХҚКО-ға жүгіну тәртібін, көрсетілетін қызметті берушінің сұрау салуын өңдеу уақытығын сипаттау:

1) ХҚКО-ның қызметкері ұсынылған құжаттар топтамасының толықтығын тексереді 15 (он бес) минут ішінде;

көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 9-тармағында көзделген тізбеге

сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын берген жағдайда өтінішті қабылдап алудан бас тартады және Стандарттың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді;

құжаттар топтамасының толық ұсынылған жағдайында сұрау салудың нөмірі мен қабылданған күні, сұратылып отырған мемлекеттік көрсетілетін қызметтің түрі, қоса берілген құжаттардың саны мен атауы, құжаттарды беру күні (уақыты) және орны, құжаттарды рәсімдеуге қабылдаған ХҚКО-ның қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты, көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және олардың байланыс телефондары көрсетілген (бұдан әрі - тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат) қолхат береді;

2) ХҚКО-ның қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады;

3) ХҚКО-ның қызметкері құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге курьерлік немесе осыған уәкілетті өзге де байланыс арқылы жолдайды, 1 (бір) күн ішінде;

4) көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін осы регламенттің 7-тармағында көрсетілген мерзімде ХҚКО-ға дайындайды және ХҚКО-ға жолдайды;

5) ХҚКО-ның қызметкері көрсетілетін қызметті берушіден мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алғаннан кейін тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхатта көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуы арқылы немесе нотариатта куәландырылған сенімхат бойынша өкілінің қолхат негізінде береді.

9. Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының іс-қимылдарының тәртібі:

1) көрсетілетін қызметті алушы жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), ЭЦҚ арқылы порталда тіркелуді, авторизациялауды жүзеге асырады;

2) көрсетілетін қызметті алушының электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметті таңдауы, электрондық сұрау салу жолдарын толтыруы және құжаттар топтамасын бекітуі;

3) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үшін электрондық сұрау салуды куәландыру;

4) көрсетілетін қызметті берушінің электрондық сұрау салуды өңдеуі (тексеруі, тіркеуі);

5) көрсетілетін қызметті алушының электрондық сұрау салу мәртебесі мен мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі туралы хабарламаны порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" алуы;

6) көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жолдауы;

7) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" алуы.

Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуге тартылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) ретін, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы, сонымен қатар өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен және (немесе) халыққа қызмет көрсету орталығымен өзара іс-қимыл тәртібінің және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес көрсетіледі.

(Жалғасы бар).

Постановление акимата Костанайской области
от 28 сентября 2015 года № 406

Об утверждении регламентов государственных услуг по вопросам регистрации актов гражданского состояния

В соответствии со статьей 16 Закона Республики Казахстан от 15 апреля 2013 года "О государственных услугах" акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить прилагаемые регламенты государственных услуг:
 - 1) "Регистрация рождения ребенка, в том числе внесение изменений, дополнений и исправлений в записи актов гражданского состояния";
 - 2) "Выдача повторных свидетельств или справок о регистрации актов гражданского состояния";
 - 3) "Регистрация перемены имени, отчества, фамилии, в том числе внесение изменений, дополнений и исправлений в записи актов гражданского состояния";
 - 4) "Регистрация смерти, в том числе внесение изменений, дополнений и исправлений в записи актов гражданского состояния";
 - 5) "Регистрация расторжения брака (супружества), в том числе внесение изменений, дополнений и исправлений в записи актов гражданского состояния";
 - 6) "Регистрация заключения брака (супружества), в том числе внесение изменений, дополнений и исправлений в записи актов гражданского состояния";
 - 7) "Регистрация установления отцовства, в том числе внесение изменений, дополнений и исправлений в записи актов гражданского состояния";
 - 8) "Восстановление записей актов гражданского состояния";
 - 9) "Регистрация усыновления (удочерения), в том числе внесение изменений, дополнений и исправлений в записи актов гражданского состояния".
2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким области

А. МУХАМБЕТОВ.

Зарегистрировано в Реестре государственной
регистрации нормативных правовых актов
28 октября 2015 года под № 5968.

Утвержден постановлением акимата
от 28 сентября 2015 года № 406

Регламент государственной услуги "Регистрация рождения ребенка, в том числе внесение изменений, дополнений и исправлений в записи актов гражданского состояния"

1. Общие положения

1. Государственная услуга "Регистрация рождения ребенка, в том числе внесение изменений, дополнений и исправлений в записи актов гражданского состояния" (далее – государственная услуга) оказывается местными исполнительными органами районов и городов областного значения (далее – услугодатель).

Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляется на альтернативной основе через:

- 1) услугодателя;
 - 2) филиал Республиканского государственного предприятия "Центр обслуживания населения" по Костанайской области и его отделы в городах и районах (далее – ЦОН);
 - 3) веб-портал "электронного правительства": www.egov.kz (далее – портал).
2. Форма оказания государственной услуги: электронная (частично автоматизированная) и (или) бумажная.
3. Результат оказания государственной услуги:

свидетельство о рождении, повторное свидетельство о рождении с внесенными изменениями, дополнениями и исправлениями на бумажном носителе при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

На портале в "личный кабинет" услугополучателя направляется уведомление о назначении даты выдачи результата оказания государственной услуги в форме электронного документа, подписанного электронной цифровой подписью (далее – ЭПЦ) уполномоченного лица услугодателя.

Форма предоставления результата оказания государственной услуги: бумажная.

2. Описание порядка действий структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

4. Основанием для начала процедуры (действия) по оказанию государственной

услуги является заявление и документы согласно пункту 9 Стандарта государственной услуги "Регистрация рождения ребенка, в том числе внесение изменений, дополнений и исправлений в записи актов гражданского состояния", утвержденного приказом Министра юстиции Республики Казахстан от 17 апреля 2015 года №219 "Об утверждении стандартов государственных услуг по вопросам регистрации актов гражданского состояния и апостилирования" (далее – Стандарт), (далее – пакет документов), либо запроса в форме электронного документа, удостоверенного ЭЦП услугополучателя.

5. Содержание процедуры (действия), входящей в состав процесса оказания государственной услуги, длительность его выполнения:

1) сотрудник канцелярии услугодателя принимает и регистрирует пакет документов, 15 (пятнадцать) минут.

Результат процедуры (действия) – прием и регистрация пакета документов;

2) руководитель услугодателя определяет ответственного исполнителя и налагает соответствующую визу, 4 (четыре) часа.

Результат процедуры (действия) – виза руководителя услугодателя;

3) ответственный исполнитель услугодателя готовит проект результата оказания государственной услуги, 1 (один) рабочий день;

в случае регистрации рождения ребенка по истечении двух месяцев со дня его рождения государственная услуга оказывается в течение 14 (четырнадцать) календарных дней;

при необходимости дополнительной проверки документов, установленных пунктом 9 Стандарта, срок оказания услуги продлевается не более чем на 29 (двадцать девять) календарных дней, с уведомлением услугополучателя в течение 3 (три) календарных дней с момента продления срока рассмотрения;

заявление о внесении изменений, дополнений и исправлений в запись акта гражданского состояния – 14 (четырнадцать) календарных дней (день приема не

входит в срок оказания государственной услуги), при необходимости запроса в другие государственные органы, срок оказания услуги продлевается не более чем на 29 (двадцать девять) календарных дней, с уведомлением услугополучателя в течение 3 (три) календарных дней.

Результат процедуры (действия) – проект результата оказания государственной услуги;

4) руководитель услугодателя подписывает проект результата оказания государственной услуги, 4 (четыре) часа.

Результат процедуры (действия) – подписанный результат оказания государственной услуги;

5) ответственный исполнитель услугодателя выдает результат оказания государственной услуги, 15 (пятнадцать) минут.

Результат процедуры (действия) – выдача результата оказания государственной услуги.

3. Описание порядка взаимодействия структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

6. Перечень структурных подразделений услугодателя, участвующих в процессе оказания государственной услуги:

сотрудник канцелярии услугодателя;

руководитель услугодателя;

ответственный исполнитель услугодателя.

7. Описание последовательности процедур (действий) между структурными подразделениями (работниками) услугодателя:

1) сотрудник канцелярии услугодателя проводит прием и регистрацию пакета документов и передает руководителю услугодателя, 15 (пятнадцать) минут;

2) руководитель услугодателя определяет ответственного исполнителя и налагает соответствующую визу, 4 (четыре) часа;

3) ответственный исполнитель услугодателя готовит проект результата оказания государственной услуги, 1 (один) рабочий день;

в случае регистрации рождения ребенка по истечении двух месяцев со дня его рождения государственная услуга оказывается в течение 14 (четырнадцать) календарных дней;

при необходимости дополнительной проверки документов, установленных пунктом 9 Стандарта, срок оказания услуги продлевается не более чем на 29 (двадцать девять) календарных дней, с уведомлением услугополучателя в течение 3 (три) календарных дней с момента продления срока рассмотрения;

заявление о внесении изменений, дополнений и исправлений в запись акта гражданского состояния – 14 (четырнадцать) календарных дней (день приема не входит в срок оказания государственной услуги), при необходимости запроса в другие государственные органы, срок оказания услуги продлевается не более чем на 29 (двадцать девять) календарных дней, с уведомлением услугополучателя в течение 3 (три) календарных дней;

4) руководитель услугодателя подписывает проект результата оказания государственной услуги, 4 (четыре) часа;

5) ответственный исполнитель услугодателя выдает результат оказания государственной услуги услугополучателю, 15 (пятнадцать) минут.

4. Описание порядка взаимодействия с центром обслуживания населения и (или) иными услугодателями, а также порядка использования информационных систем в процессе оказания государственной услуги

8. Описание порядка обращения в ЦОН, длительность обработки запроса услугодателя:

1) работник ЦОНа проверяет полноту пакета представленных документов в течение 15 (пятнадцать) минут;

в случае представления услугополучателем неполного пакета документов, согласно перечню, предусмотренному пунктом 9 Стандарта отказывает в приеме заявления и выдает расписку об отказе в приеме документов по форме, согласно приложению 3 к Стандарту;

в случае предоставления полного пакета документов выдает расписку с указанием номера и даты приема запроса, вида запрашиваемой государственной услуги, количества и название приложенных документов, даты (времени) и места выдачи документов, фамилии, имени, отчества работника ЦОНа, принявшего заявление на оформление документов, фамилии, имени, отчества (при его наличии) услугополучателя, фамилии, имени, отчества (при его наличии) уполномоченного представителя и их контактных телефонов (далее – расписка о приеме соответствующих документов);

2) работник ЦОНа получает письменное согласие услугополучателя на использование сведений, составляющих охраняемую законом тайну, содержащихся в информационных системах, если иное не предусмотрено законами Республики Казахстан 5 (пять) минут;

3) работник ЦОНа направляет пакет документов услугодателю через курьерскую или иную уполномоченную на это связь, в течение 1 (один) дня;

4) услугодатель подготавливает результат оказания государственной услуги в ЦОН в сроки указанные в пункте 7 настоящего регламента и направляет в ЦОН;

5) после получения результата оказания государственной услуги от услугодателя работник ЦОНа в срок, указанный в расписке о приеме соответствующих документов, выдает результат оказания государственной услуги услугополучателю на основании расписки при предъявлении удостоверения личности услугополучателя либо его представителя по нотариально заверенной доверенности;

9. Порядок действий услугодателя и услугополучателя при оказании государственной услуги через портал:

1) услугополучатель осуществляет регистрацию, авторизацию на портале посредством индивидуального идентификационного номера (далее – ИИН), ЭЦП;

2) выбор услугополучателем электронной государственной услуги, заполнение полей электронного запроса и прикрепление пакета документов;

3) удостоверение электронного запроса для оказания электронной государственной услуги посредством ЭЦП услугополучателя;

4) обработка (проверка, регистрация) электронного запроса услугодателем;

5) получение услугополучателем уведомления о статусе электронного запроса и сроке оказания государственной услуги в "личный кабинет" услугополучателя на портале;

6) направление услугодателем в "личный кабинет" услугополучателя результата оказания государственной услуги в форме электронного документа, подписанного ЭЦП;

7) получение услугополучателем результата государственной услуги в "личном кабинете" услугополучателя на портале;

Диаграмма функционального взаимодействия информационных систем, задействованных в оказании государственной услуги через портал, указана в приложении 1 к настоящему Регламенту.

10. Подробное описание последовательности процедур (действий), взаимодействия структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги, а также описание порядка взаимодействия с иными услугодателями и (или) центром обслуживания населения и порядка использования информационных систем в процессе оказания государственной услуги отражается в справочнике бизнес – процессов оказания государственной услуги согласно приложению 2 к настоящему Регламенту.

(Продолжение следует).

"Қостанай облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі (110000, Қостанай қаласы, Гоголь көшесі, 75, анықтама телефондары 8(7142) 502-045, факсы 8(7142) 502-788, электрондық мекенжайы veturp.ok@mail.ru) "Б" корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

1. "Қостанай облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі қаржы және мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы (Д-О-3 санаты) – лауазымдық жалақысы еңбек өтіліне байланысты 84563 теңгеден 114032 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: Бөлімнің жұмысын ұйымдастырады, бөлім жұмысын жоспарлауды, бөлім туралы ережені жасайды. Кіріс құжаттарының, басқарма басшысының және жоғары тұрған органдар тапсырмаларының орындалу мерзімдеріне бақылауды қамтамасыз етеді. Ветеринария саласында өткізілетін қаржылық саясатты жүзеге асырады, есепке алу-есептілік функциясын, ұтымды ұйымдастыруды, бухгалтерлік есеп пен есеп берудің жолға қойылуы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді. Басқармада бухгалтерлік есепті ұйымдастырады. Бюджеттік өтінімдерді, қаржыландыру жоспарлары мен олардың есептерін жасауды және басқарма басшысымен келісуді қамтамасыз етеді. Қаржыландыру жоспарына өзгеріс енгізеді. Бюджет қаражатының, инвестициялардың, басқа да ақшалай қаражаттың уақытылы және мақсатты жұмсалуды, негізгі қордың материалдық-тауарлық құндылықтарының сақталуын және бухгалтерлік есепте олардың қозғалысына байланысты операциялардың уақытылы көрсетілуіне бақы-

лауды жүзеге асырады. Материалдық-техникалық құндылықтарды, жұмыстар мен қызмет көрсетуді мемлекеттік сатып алу жөніндегі жұмысқа бақылауды жүзеге асырады. Қаржылық, бухгалтерлік, салықтық және басқа да есеп берулерді белгіленген мерзімде жасауды және ұсынууды қамтамасыз етеді. Келіп түскен бухгалтерлік және басқа есептілікті тексеруді; қаржылай-экономикалық ақпаратты жинауды және өңдеуді қамтамасыз етеді. Тауарлық-материалдық құндылықтар мен негізгі қорды түгіндеу жүргізуге қатысады. Ұйымның қаржы-шаруашылық жұмысына экономикалық талдау жүргізеді. Бухгалтерлік құжаттардың сақталуын қадағалайды, оларды белгіленген тәртіпке сәйкес мұрағатқа тапсыруға рәсімдейді. Есеп және есептілік мәселелері жөніндегі ережелер, нұсқаулықтар, методикалық әдістемеліктер, бухгалтерлік қызметтің құзырына жататын басқа да нормативтік құжаттардың жүйелі есебін жүргізілуін қамтамасыз етеді. Қаржы ресурстарын басқаруға бағытталған шешімдер қабылдауды қамтамасыз етеді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы оған белгілі болған жағдайларда басшылыққа немесе құқық қорғау органдарына хабарлайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары: әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономикалық, есеп және аудит, қаржы).

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

- 1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;
- 2) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;

3) осы санаттағы нақты лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес;

4) жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

5) ғылыми дәрежесінің болуы. Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы", "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Нормативтік құқықтық актілер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19

наурыздағы № 06-7/32 бұйрығы негізінде жүргізіледі (бұдан әрі – Қағидалар)

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген нысандағы денсаулығы туралы анықтама (Қазақстан Республикасының Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізкімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген);
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін).

Көрсетілген құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландырудың соңғы жарияланған сәтінен бастап **10 жұмыс күні ішінде** мына мекенжай бойынша ұсынылуға тиіс: 110000, Қостанай қаласы, Гоголь көшесі, 75, 112-кабинет.

Азаматтар құжат тігілетін мұқабада орналастырылған жоғарыда аталған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқа-

сын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірмей береді.

Әңгімелесуге жіберу туралы үміткерлерді хабарландыру күнінен бастап **5 күн ішінде** үміткерлер әңгімелесуді "Қостанай облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінде, 115-кабинетте өтеді.

Конкурстық комиссиясының айқындылығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына бақылаушылардың қатысуына болады. Конкурстық комиссияның бақылаушылары ретінде

Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген аккредитация алған бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Конкурстық комиссияның отырысына бақылаушы ретінде қатысу үшін әңгімелесу өткізудің басталуына бір жұмыс күннен кешіктірмей Қостанай облысы әкімдігінің ветеринария басқармасында ұйымдастыру-кадрлық бөлімінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлға Қостанай облысы әкімдігінің ветеринария басқармасының ұйымдастыру-кадрлық бөліміне жеке куәлігінің көшірмесін, ұйымға жататынын растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Конкурсқа қатысу бойынша шығындар (әңгімелесу өтетін жерге және кері қарай жол жүру, тұрғын үй-жай жалдау, тұру, барлық түрдегі байланыс қызметтерін пайдалану) азаматтардың өз қаражаттары есебінен жүргізіледі.

2015 жылғы 9 айда Қостанай облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясымен жүргізілген бақылау іс-шараларының қорытындысы

Қостанай облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясы 2015 жылғы 9 айда 200 бақылау іс-шарасын өткізіп, олардың барысында 170 бақылау объектісі қамтылды, соның ішінде республикалық бюджеттен қаржыландырылатын 10 мемлекеттік мекеме, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын 141 мемлекеттік мекеме және 19 шаруашылық жүргізуші субъект қамтылды.

Жүргізілген бақылау іс-шаралары арқылы сомасы 12 417,9 млн.теңгеге бюджеттік заңнаманы бұзу айқындалды, соның ішінде: қаржылық бұзушылықтар – 9 673,2 млн.теңге және қағидаларды, талаптар мен рәсімдерді сақтау кезінде айқындалған бұзушылықтар – 2 744,7 млн.теңге.

Бұдан басқа, мемлекеттік сатып алудың қорытындыларына әсер еткен сомасы 3 906,0 млн.теңгелік мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзу анықталды.

Бақылау іс-шараларының қорытындылары бойынша қабылданған шаралар арқылы бюджетке қалпына келтірілуге және өтелуге тиісті 2 960,1 млн.теңге бұзушылық сомасынан қалпына келтірілгені және өтелгені – 2 945,0 млн.теңге немесе 99,4 %.

Құқық қорғау органдарына сомасы 3 608,8 млн.теңгелік 34 бақылау материалы жолданып, олардың ішіндегі жиырма бесі бойынша қылмыстық іс қозғалды.

Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотқа 5 талап-арыз жіберілді, соның ішінде мемлекеттік сатып алудың қорытындыларын жарамсыз деп тану туралы 2 талап-арыз, тексеру қорытындысы бойынша залал сомасын өтеу туралы 3 талап-арыз.

"Әкімшілік құқық бұзу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес 63 лауазым иесіне жалпы сомасы 7,3 млн.теңгеге әкімшілік жаза салынып, тәртіптік жауапкершілікке 180 лауазым иесі тартылды.

Қостанай облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясы.

Газеттің 2015 жылғы 10 қарашадағы №128 (18337) санында жарияланған "Қостанай облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінің хабарландыруы жарамсыз деп танылсын.

Қостанай облысы МАЭС 27.10.2015 ж. ұйғаруымен "Евро-стиль 1" ЖШС қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Мына мекенжайға хабарласуға болады: Қостанай қ., Байтұрсынов көш., 70.

Определением СМЭС Костанайской области от 27.10.2015г. возбуждено гражданское дело о применении процедуры реабилитации к ТОО "Евростиль 1". Обращаться по адресу: г.Костанай, ул. Байтурсинова, 70.

"Жітіқара ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі (110700, Жітіқара қаласы, 6 шағын аудан 65 үй, анықтама телефондары 8(71435) 4-91-77, 8(71435) 4-92-22, электрондық мекенжайы akimat.zhitikara@mail.ru.) "Б" корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

Басшысы, санаты E-R-1. Лауазымдық жалақысы қызмет еткен жылдарына байланысты: 109 548 теңгеден 147 986 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: Бөлім қызметін ұйымдастыру және басқару. Міндеттемелер және төлемдер бойынша мекеменің қаржыландыру жоспарын, қызметкерлер саны мен еңбек төлемдерінің белгіленген қорлары шегінде мекеменің құрылымын бекіту. Бөлім жұмысының перспективалық және ағымдағы жоспарын бекіту. Заңнамамен белгіленген тәртіпте бөлім қызметкерлерін лауазымға тағайындау және лауазымнан босату. Бөлім қызметшілерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту. Заңнамамен белгіленген тәртіпте қызметкерлерді ынталандыру және тәртіптік жаза салуды жүзеге асыру. Өз құзыреттілігі шегінде бұйрық шығару, нұсқаулар беру, қызметтік құжаттарға қол қою. Мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мекемені ұсыну. Мүдделі тұлғаларға өткізілетін ветеринариялық іс-шаралар туралы ақпаратты ұсынууды қамтамасыз ету. Ветеринариялық шараларды өткізуге бағытталған бюджеттік қаражаттардың нысаналы пайдалануын бақылауды жүзеге асыру. Бос жүрген иттер мен мысықтарды ұстау және жою бойынша шаралар өткізуді ұйымдастыру. Мал қорамдарын салуды ұйымдастыру (биотермиялық ұра). Бюджеттік қаражат есебіне алынған ветеринариялық дәрі-дәрмектердің сақталуына бақылау жасау. Кестеге сәйкес азаматтарға және заңды тұлға өкілдеріне жеке қабылдау жүргізу, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін заңнамамен белгіленген мерзімдерде қарау, олар бойынша қажетті шаралар қабылдау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім: Ветеринария немесе ауыл шаруашылығы ғылымдары.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

- 1) мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес;
- 2) жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарын-

да Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

- 3) ғылыми дәрежесінің болуы;
- 4) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;
- 5) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Конституциялық заңын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

● ҚАЙРАН ДҮНИЕ...

Гүл-ғұмыр

Гүлжайна Ғұмарованы еске алу кеші

Нұрболат
МЕШІТБАЕВ

Қостанай сахнасына сән беріп, Тобыл танабын әсем әнімен тыныстатып, көрерменнің көзайымына айналған Гүлжайнаның ғұмырын гүлге теңесек те болады. Ол өзінің отызға да толмаған, енді ғана бұр жарып келе жатқан шағында үзіліп түсті. Жасындай жарқ етті де жоқ болды. Бірақ соңында өнерін қадір тұтқан елі, адамгершілігін сыйлаған замандастары, достары қалды.

Міне, сол елі, замандастары, құрбы-құрдастары қыршынынан қиылып кете барған Гүлжайна Ғұмарованың рухына арнап, Е.Өмірзақов атындағы облыстық филармонияда еске алу кешін ұйымдастырды. Оның өзі аталған филармонияның сахнасында халқына талай мәрте өнерін паш еткен. Сондықтан да болар, игі шараға халық мол жиналды. Дауысы таспаға басылып тарихқа енген, гүл-ғұмырлы Гүлжайнаның есімі елі бар да естен кетпейтінін сол күнгі халықтың өкініш пен сағыныштан тамған көз жасы және замандастарының айтқан естелік-



тері дәлелдей түседі.

Еске алу кеші – әнмен өрілген ғұмырға арналған кеш, талантқа тағзым кеші боп жадымызда қалды. Гүлжайна Оралдың тумасы еді. Әйтсе де желкілдеген балғын күндері Жітіқара жерінде өтті. Алғашқы

еңбек жолы да сол жерден басталды. Болашақ сахна саңлағын бір көргеннен танып, Елубай Өмірзақов атындағы облыстық филармонияға жетелеген Гүлбану Абдуллина апамыз екенін ел біледі. Екеуінің араларындағы сыйластық – ана-

сы мен қызының, тіпті, кейде кәдімгі құрбылардың сырласқанындай болатын.

Мұны өз сөзінде Гүлбану апамыз талай мәрте айтқан-ды. Оның Қостанайда еңбекке араласқан алғашқы ұжымы – облыстық филармония. Көзден кетсе де, көңілден кетпеген замандасымыз туралы қызықты әңгімелер де көп-ақ. Жас өнші бірде "Ақжелең" ансамблімен бірге Башқұрт жеріне барады. Халықаралық дүбірлі доданың әділ қазылары Қостанайдан келген қаршадай қыздың өнеріне тәнті болып: "Кіп-кішкентай денеге мынандай зор дауыс қалай сыйып тұр?" – деп еріксіз таңғалған екен. Сол өнер сайысынан біздің өнерпаздар олжалы оралды. Сондағы башқұрт сахнасында салған Гүлжайнаның бейнесін сахнадан тағы бір мәрте көрген кезде біздің өзіміз де көз жасына амалсыз ерік беріп қойдық.

Өмір... тағдыр... ажал... Осы бір кең, философиялы ұғымды еске алу кешінде мағыналы әрі мазмұнды етіп сыйғыза білген Гүлжайнаның достары:

Тартса да бұл сәт мұңды ойға,
Қазаға ел сабыр қылмай ма?!

Ел барда сен де тірісің,
Өшпейді бейнең, Гүлжайна...

Саф үнің жаққан жұртыма,
Өнерде едің бір тұма.

Өмірде жинар гүліңді
Ұсындық бүгін рухыңа,

– деп түйіндеді кешті.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Жарқын бейнең жадымызда

1969 жылы Жітіқара ауданының Милютин ауылында дүниеге келген **ИМАНБАЕВ Мақсұт Сансызбайұлы** 2015 жылғы 9 қарашада қызметтік борышын өтеу кезінде қайғылы қазаға ұшырады. Ол өмірінің соңына дейін Жітіқара ауданының №5 өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы болып қызмет атқарды. Мақсұт біздің есімізде қайсар жауынгер, ақкөңіл аға, кішіпейіл іні ретінде мәңгі сақталады.

Марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

ҚР ІІМ ТЖК Қостанай облысы ТЖД
"ӨС және АҚЖҚ" ММ ұжымы.



Торғайдан түлеп ұшып Алматы, Астанада қызмет атқара жүріп қайраткерлік дәрежеге дейін көтерілген Айжан Жұмабаева аяқталғалы отырған жылда бар болғаны 41 жасында өмірден озған қыршын жас.

Таяуда А.Жұмабаева баспасөз орталығының директоры болып өзінің соңғы қызмет еткен Астана қаласындағы С.Сейфуллин



Айжансыз жеткен қоңыр күз

атындағы Қазақ агротехникалық университеті қараша айындағы туған күніне орай еске алу кешін ұйымдастырды.

Оған Астанадан басқа Қостанайдан, Қарағандыдан арнайы көзкөргендер және Арқалық қаласынан ректораттың арнайы шақыртуымен атанасы Қуанышбай мен Рузия Жұмабаевтар қатысты.

Еске алу кеші сырлы да, мұңлы өтті. "Жарқ еткен жасын ғұмыр" атты кеште университет ректоры, профессор Ақылбек Күрішбаев Айжан Жұмабаеваның мәңгілікке оқу орнының тарихында алтын өріппен жазылып қалатынын айтты.

Арынды ақын, туыс ағасы Серік Тұрғынбекұлы Айжанның шыққан тегі асыл, оның арғы аталары Әбіқай Нұртазин, өз атасы Жұмабай елді аузына қаратқан тұлғалар, тегіне тартқан тектілігі содан деймін. Жетінші сыныптан өлең шығарумен айналысқан Торғайдың қаршадай қызының еңбек жолын саралай келе, әлі күнге елеусіз қалып отырған, кезінде

Алаш арыстарымен иық түйістіре қызмет атқарған қазақтың тұңғыш журналист, ғалым педагогы Нәзіпа Құлжановадай білікті де алғыр, іскерлігі мықты болып еді деп Айжан Қуанышбайқызының сан қырлылығын баса атап өтті.

"Астана" арнасының "Үкімет арнасы", "Қаламгер" авторлық бағдарламаларын жүргізді.

Астана қаласы әкімі баспасөз қызметінің, Алматы ауданы әкімі ішкі саясат бөлімінің басшысы, "Имидж Центр" республикалық журналының бас редакторы, Қазақстан Бас редакторлар клубының мүшесі болды.

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, халықаралық "Шабит" фестивалінің лауреаты Айжан Жұмабаева қып-қысқа ғұмырында сан қырлы жауапкершілігі зор басшылық қызметті атқарумен қоса, қос тілді қаламгер бала кездегі серігі қаламын да қолына қыса жүріп, 300-ден астам жарияланымның, "Қаратырна", "Өлік союшы" атты кітаптарының авторы.

Майра БЕГІМБЕТ.

Қостанай облысының әкімдігі Қостанай облысы әкімдігінің мұрағат және құжаттама басқармасының басшысы Гүлжан Ермашқызы Мемдікеноваға сіңісі
Сәуле Ермашқызының
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

"Қостанай облысы әкімдігінің мұрағаттары және құжаттама басқармасы" ММ ұжымы мен Қостанай облысының мұрағат қызметі "Қостанай облысы әкімдігінің мұрағаттары және құжаттама басқармасы" ММ басшысы Гүлжан Ермашқызы Мемдікеноваға
сіңісінің
мегізсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

"Жітіқара ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (110700, Жітіқара қаласы, 6 шағын аудан 65 үй, анықтама телефондары 8(71435) 4-91-77, 8(71435) 4-92-22, электрондық мекенжайы akimat.zhitikara@mail.ru.) "Б" корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

Басшысы, санаты Е-Р-1.
Лауазымдық жалақысы қызмет еткен жылдарына байланысты: 109 548 теңгеден 147 986 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: Бөлім қызметін ұйымдастыру және басқару. Міндеттемелер және төлемдер бойынша мекеменің қаржыландыру жоспарын, қызметкерлер саны мен еңбек төлемдерінің белгіленген қорлары шегінде мекеменің құрылымын бекіту. Алдағы және ағымдағы жұмыс жоспарларын бекіту. Заңнамаға сәйкес бөлім қызметкерлерін лауазымға тағайындау және лауазымнан босату. Бөлім қызметшілерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту Заңнамамен белгіленген тәртіпте қызметкерлерді ынталандыру және тәртіптік жаза салуды жүзеге асыру. Өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығару және нұсқаулар беру, қызметтік құжаттарға қол қою. Мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мекемені ұсыну. Жер заңнамасының, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының, жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі облыстық және аудандық атқарушы органдары қаулыларының орындалуын қамтамасыз ету. Жер қатынастарын реттеу саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу. Кестеге сәйкес азаматтарға және заңды тұлға өкілдеріне жеке қабылдау жүргізу, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін заңнамамен белгіленген мерзімдерде қарау, олар бойынша қажетті шаралар қабылдау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім: ауыл шаруашылығы ғылымдары немесе қызметтер (жерге орналастыру, кадастр).
Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:
1) мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес;
2) жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдік жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқта-

ған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

3) ғылыми дәрежесінің болуы;
4) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;

5) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Конституциялық заңын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06/7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
2) 3x4 үлгідегі суретпен Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттарды конкурстың өтетіндігі туралы хабарландырудың соңғы жарияланған сәтінен бастап **10 жұмыс күні ішінде** Қостанай облысы, Жітіқара қаласы, 6 шағын ауданы, 65 үй, 32 кабинет мекенжайы бойынша тапсырылуы қажет.

Анықтама телефондары 4-92-22; факс 2-55-21, электрондық пошта – akimat.zhitikara@mail.ru.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабаға конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар, оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап **5 жұмыс күні ішінде** "Жітіқара ауданы әкімінің аппараты" ММ-де өтеді.

Конкурстық комиссияның айқындылығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына бақылаушылардың қатысуына болады.

Конкурс комиссиясының байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей "Жітіқара ауданы әкімінің аппараты" персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар Жітіқара ауданы әкімінің аппаратының персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

16 қараша 18.30

ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, әнші
Гүлмира САРИНА
ән кешіне шақырады!

Кеш қонағы: інісі, ақын
Қалқаман САРИН

Қостанай қаласы
Е.Өмірзақов атындағы
филармония залы

Байланыс телефоны:
8 778 739 39 83
www.gulmirasarina.kz

17 қараша 18.30

ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, әнші
Гүлмира САРИНА
ән кешіне шақырады!

Кеш қонағы: інісі, ақын
Қалқаман САРИН

Арқалақ қаласы
Жас өспірімдер
театры

Байланыс телефоны:
8 778 739 39 83
www.gulmirasarina.kz

Ақпараттық демеушісі – "Қостанай таңы" газеті



"Ән әлемінің Әбілахаты"

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Ә.Боранбаев атындағы кино-театрда атақты композитор, жерлесіміз Ә.Еспаевтың туғанына 90 жыл толуына арналған әсерлі ән кеші өтті.

Ә.Еспаев 1925 жылы дүниеге келіп, 1976 жылы Алматы қаласында өмірден озды. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1951-1953 жылдары қазіргі Құрманғазы атындағы ұлттық консерваториясынан жоғары білім алады.

Композитордың шығармашылық шабытынан туған: "Аққуым", "Ақсәуле" (Қ.Аманжолов), "Сайра, сайра, сандуғашым", "Орамал", "Жайық қызы" (З.Қабдолов), "Өзің де жігіт, қызықсың" (М.Әлімбаев), "Торғай толғауы" (Ғ.Қайырбеков), "Тобыл толқыны" (С.Тұрғынбеков), "Республика туралы жыр" (І.Мәмбетов), "Бейбітшілік сақта-



лады" (Н.Шөкенов), "Өзгеге көңілім тоярыс", "Мен сәлем жазамын", "Ішім өлген, сыртым

сау", "Барасың қайда...", "Қиыстырып мақтаймыз" (Абай) сынды 250-ден астам ән-романстары қазақ радиосының алтын қорында сақтаулы.

Тағылымды кешті ұйымдастырған облыстық дала өлкесі тарихы мұражайына көрермендер дән риза болып, әуезді әндерді қосыла шырқады.

– Халқымыз шын асылын көздің қарашығындай сақтайды. Әбілахат әндері – таусылмайтын бұлақ, аласармайтын тау сияқты биік әрі баға жетпес қазынаға айналған тамаша туындылар. Өмір көші ұзаған сайын асылға айналған өнер иесінің жарқын бейнесі көктегі жарық жұлдыздай жарқырап, асыл өнердің шоқтығы биіктей бермек, – дейді мұражай басшысының орынбасары Зәмзегүл Қажымұқанқызы.

Арқалық қаласы.

ҚҰТТЫҚТАУ

Мерейтой-50!

Жанкелдин ауданы, Сужарған ауылының тұрғыны, Қ.Қойдосов орта мектебінің мұғалімі, аяулы ұстазымыз **ТАЙЖАНОВА Гүлнар Әбдіғарқызын** мерейлі 50 жасқа толуымен құттықтаймыз.

Шәкірттердің жанарында от жандырған,
Тәліміңіз санамызда сән құрған.
Жақсы ұстаз деп үлгі етеді, алдыңнан
Тастүлек боп шыққан талай балдырған.
Еңсердіңіз бір белесті – елуді,

Үйреттіңіз қиындықты жеңуді.

Еңбегіңіз жана берсін, әрқашан,
Жазсын Алла жүзге дейін келуді.

Отбасыңыз аман, деніңіз сау
болсын! Балаларыңыздың қызығын көріңіз!


Игі тілекпен – 2003 жылғы түлектер.



Құттықтаймыз!

Жанкелдин ауданы Аралбай ауылының тұрғыны **ӘЛІМЖАН Досымжан Әлімжанұлын** 25 мүшел жасқа толуымен құттықтаймыз. Досымжанға мол бақыт, ұзақ өмір, қажымас қайрат, еңбекте табыс, шәкірт тәрбиелеудегі еңбегінің жемісті болуына тілектеспіз.

Жиырма бес деген –
жалынды дәурен шырыны,
Жиырма бес деген –
дүниенің дүрмек қызығы.
Бойдақтығың да қала алмас бойың
тасалап,
Құрық боп түсер арудың бұлғақ бұрымы.



Жиырма бес деген – жігіттіңің арқауы,
Алдағы күнді, асу мен шыңды аңсауы.
Сағынышың ол, қызға құштар, жырға әуес,
Буырқаныспен арайлап атар әр таңы.

Жиырма бес –
қыран, шығатын самғап шыңдарға,
Мойымас тіпті тосыннан келген сындарға.
Тербете білгін жердегі бақыт желкенін,
Жүректің отын ұсынып келер жылдарға.

Тілек білдірушілер:
Нысамбаевтар әулеті.




БӘРЕКЕЛДІ!

Бакуде жарық көрді

Көрнекті жазушы, Мемлекеттің сыйлықтың лауреаты Сәбит Досановтың прозалық шығармалары Бакуде жеке кітап болып шықты. "Ақ аруана" атты кітапқа жазушының "Сымсып ұшқан сыңар аққу" әңгімесі мен "Ақ аруана" хикаясы және "Арманым көп, аз өмірім жетер ме?" атты толғауы бастаған бір топ лирикалары енген. Қазақ қаламгерінің шығармаларын азербайжан тіліне аударған – көрнекті ақын, прозашы Эльхам Зал.

Әлемді аралап кеткен "Ақ аруана" Низами еліне осымен екінші рет желмайдаяй желіп, еңтікпей еркін жетті. Олай дейтініміз, сонау кеңестік кеңістікте "Ақ аруанамен" алғаш жүздескендердің бірі Низамидің отандастары болатын.

Бакуде, азербайжан тілінде жарық көрген көркем шығармалардың көз жауын алған кермиық, кербез безендірілуі – кітаптың суретшісінің де талантты екенін айқын танытып тұр.



Меншік иесі:

"Қостанай таңы" газеті
редакциясы" ЖШС

Директор-Бас редактор
Жанұзақ АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау
бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69

Директор-бас редактордың
орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Жауапты хатшы: 54-33-22

Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36

Әлеумет, білім, мәдениет: 54-26-42

Социологиялық зерттеу орталығы:
54-53-21, 39-26-25

Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия:
54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы:
54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Рудныйда: 5-57-60

Сарыкөлде: 2-25-17
Редакцияның мекенжайы:
**110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90**

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген.

Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Қостанайполиграфия" ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10405 Тапсырыс 2479

Нөмірдің кезекші редакторы: Жандос ЖҮСІПБЕК.